



SEMEI таңу

№ 40 (19791) 22 мамыр, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

СЕМЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ: ЖАҢА КӨПІР. ЖАЙЛЫ БАСПАНАЛАР. ОБЛЫСТЫҢ БЕС БАҒЫТТАҒЫ ҚАҚПАСЫНДА ӨҢІРДІҢ БРЕНДТІК НЫШАНДАРЫ ОРНАТЫЛУДА



Семей қаласында соңғы жылдары жүзеге асып жатқан ірі инфрақұрылымдық және тұрғын үй жобалары өңірдің даму қарқынын айқын көрсетіп отыр. Жаңа көпір құрылысы, көп қабатты тұрғын үйлердің салынуы – халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастамалар. Осыған орай облыс әкімі Берік Уәли шаһардағы бірқатар стратегиялық нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Руза АСАҢҚЫЗЫ,
«Semei tañu»

Жаз мезгілі – құрылыс қарқыны күшейетін кезең. Әсіресе инфрақұрылымдық жобалар дәл осы уақытта қыза түседі. Соның ішінде көпір құрылысының орны бөлек. Көпір салу – ең күрделі әрі аса жоғары жауапкершілікті талап ететін инженерлік жұмыстардың бірі. Себебі ол мыңдаған адамның қауіпсіздігіне ғана емес, тұтас өңірдің көлік қатынасы мен экономикалық байланысына тікелей әсер етеді.

Сондықтан мұндай нысандарды салуда сапа, төзімділік және қауіпсіздік басты назарда болады. Көпірлер ондаған жылдарға есептеліп, ауыр жүк көліктерінің қозғалысына, табиғи апаттар мен климаттық өзгерістерге бейімделіп салынады. Инженерлік есептеулердегі болжамы қателіктің өзі үлкен қауіпке әкелуі мүмкін. Оған қоса, құрылыс барысында су астындағы жұмыстарды жүргізу, ірі металл конструкцияларды жеткізу, ауа райының қолайсыздығы мен көлік қозғалысын тоқтатпай жұмыс істеу секілді күрделі міндеттер туындайды.

Осындай ауқымды әрі стратегиялық маңызы жоғары жобалардың бірі бүгінде Семей қаласында жүзеге асырылып жатыр. Облыс әкімі Берік Уәли шаһардағы бірқатар құрылыс нысандарын аралап, маңызды жобалардың барысымен танысты.

Аймақ басшысы алдымен ескі автожүз көпірінің маңында салынып жатқан жаңа көлік өткеліне барды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған құрылыс өңірдегі ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі саналады. Құрылысы 2022 жылы басталған көпірдің ұзындығы 810 метр болса, ені 23 метрді құрайды. Жобаның жалпы құны 47,3 миллиард теңгеге бағаланған.

Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының шамамен 65 пайызы аяқталған. Жоба бойынша қарастырылған 9 тіректің 8-і орнатылып үлгерген. Сондай-ақ 9 мың тонна металл конструкцияның 4,3 мың тоннасы монтажданып, жоғарғы металаралық құрылымның 418 метрі құрастырылған. Нысанда 174 адам еңбек етіп жатыр. Қажетті құрылыс материалдары толық жеткізілген.

Бүгінге дейін 27 миллиард теңге игерілсе, биыл жергілікті бюджеттен қосымша 2 миллиард теңге бөлінген. Көпір арқылы көлік қозғалысы осы жылы іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Облыс әкімі құрылыс сапасын ерекше бақылауда ұстап, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

– Бұл құрылыс - Президенттің тікелей бақылауында тұрған жоба. Сондықтан жұмыстың қарқыны бәсеңдемеуі керек. Биыл нысанды пайдалануға беруіміз қажет, – деді Берік Уәли.

Қаланы аралау барысында облыс әкімі Қарағайлы шағын ауданындағы тұрғын үй құрылыстарын да көрді. Қазіргі таңда мұнда 13 көп қабатты тұрғын үй салынып жатыр. Құрылыстар өткен жылдың шілде айында басталған. Нысандарды пайдалануға беру осы жылдың тамыз айының соңына жоспарланған.

Жоба аясында жалпы аумағы 67 926 шаршы метр болатын тұрғын үйлер бой көтеруде. Оның 51 мың шаршы метрден астамы пәтерлерге тиесілі. Жалпы саны 712 пәтер салынууда.

Қазіргі күні құрылыс алаңдарында ғимараттардың қаңқалары толық тұрғызылған, өрлеу жұмыстары жүргізіліп, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Электрмонтаждау, сантехникалық және қасбеттік жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Аймақ басшысы тағы 5 тұрғын үйдің құрылыс барысымен танысты. Жалпы аумағы 22 500 шаршы метр болатын бұл үйлерде 414 пәтер қарастырылған. Құрылысты биыл аяқтап, пайдалануға

беру жоспарланған.

Облыс әкімі халықты баспанамен қамтамасыз ету өңірдегі басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

– Қаншама отбасы баспана кезегін күтіп отыр. Сондықтан тұрғын үйлер сапалы әрі уақытында тапсырылуы тиіс, – деді өңір басшысы.

Семей қаласында жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді. Жаңа көпір көлік қатынасын жеңілдетіп, шаһардың инфрақұрылымдық әлеуетін арттырса, салынып жатқан тұрғын үйлер жүздеген отбасының баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, стратегиялық маңызы бар нысандардың сапалы әрі уақытында аяқталуы аймақ тұрғындарының әл-ауқатына тікелей әсер етпек.

Сонымен қатар өңірдің туристік тартымдылығын арттырып, Абай облысының өзіндік ерекшелігін көрсетуге бағытталған тағы бір маңызды жоба – өңірдің кіреберіс аумақтарына брендтік нысандар орнату жұмыстары қолға алынды. Жоба аймақ басшысы Берік Уәлидің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда мұндай нышанның бірі Жетісу облысы жағынан кіреберіс аумаққа қойылса, жуырда Шығыс Қазақстан облысынан Семей бағыты арқылы кіреберіске тағы бір жаңа белгі орнатылды.

Жоба аясында жыл соңына дейін облысқа апаратын негізгі бес күре жолдың бойына осындай заманауи кіреберіс белгілерін орналастыру жоспарланған.

Жаңа нысандар күн энергиясымен қуаттанып, түнгі уақытта жарық шашады. Сондай-ақ декоративті шамдармен безендірілген нысандар өңірдің келбетін айшықтап, облыстың брендтік бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI таñу

ВЕСТИ СЕМЕЙ

ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАҢА СЕМЕЙ СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026

«АБАЙ ЕЛІ – ӨНЕР КЕНІШІ»

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

БАС ЖҮЛДЕ АБАЙ АУДАНЫНДА

Семейдегі Абай атындағы театрда «Абай елі – өнер кеніші» атты облыстық көрке-мөнерпаздар байқауының қорытындысы шығарылды. Былтыр облыс әкімдігінің қолдауымен, Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен алғаш рет өткен байқау биыл да дәстүрлі түрде жалғасын тапты. Шараға өңірдің он ауданынан екі мыңға жуық өнерпаз бағын сынады. Олар өз аудандарында ұйымдастырылған концертке қатысып, облыс орталығындағы қорытынды концертке жолдама алды.

Абай театрында өткен гала-концертте әр ауданның өкілдері өнер көрсетті. Өңкүй, жыр-терме, театрландырылған көріністер арқылы халқымыздың салт-дәстүрі, рухани болмысы мен ұлттық құндылықтары кеңінен насихатталды. Байқаудың қорытынды гала концертіне облыс әкімі Берік Уәли қатысып, жүлдегерлерді марапаттады. Сондай-ақ өнер сайысының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Абай елі – ән мен жырдың бесігіне айналған, ұлт руханиятының алтын қазығы қағылған қасиетті мекен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Мәдениет – ұлттың рухани тірегі. Руханияты мықты елдің болашағы да баянды болады», – деп атап өткен болатын. Арғы тарихқа көз жүгіртсек, бұл өңірде қазақтың сөз өнері мен саз өнерінің мәңгілік ізі жатыр. Дала дауылпазы Дулат Бабатайұлы мен Ақтамберді жыраудан бастау алған ұлы көш, хақим Абай көмеңгерлігімен кемелденіп, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Әуезовтей алыптардың мұрасымен жалғасты. Өн әлемінде Әміре Қашаубаевтай дарабоздың дауысы дүниені тамсандырған осы тұпырақта қазақтың бұлбұл үні Бибігүл Төлегенова мен Роза Рымбаеваның өнері өрледі. Кешегі келмесе кеткен Келдембай Өлмесеков, Тұрсынғазы Рахимов, Санақ Әбеуов, Болат Сыбанов



сынды саңлақтар да Абай еліндегі өнердің туын төмен түсірмей, биікке көтеріп өтті. Сол алыптар салған сара жолды жалғау – бүгінгі сахнаға шығатын әр өнерпаздың қасиетті парызы. Өнер – ұлттың жаны. Ал сол жанды тірілтіп тұратын – сіздердей талант иелері. Бүгінгі кеште сахна төріне шығып, жеңіс тұғырынан көрінетін барша өнер ұжымдарына сәттілік тілеймін, - деді

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

аймақ басшысы. Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі үшінші орынды Бесқарағай және Аягөз аудандары, екінші орынды Жарма ауданы, бірінші орынды Үржар ауданы және бас жүлдені Абай ауданының өнерпаздары иеленді.

Облыс әкімі үшінші орын алған аудандарға 5 миллион теңге, екінші орын алған ауданның Мәдениет үйіне толық қамтылған музыкалық аппаратура, 1 орын алған ауданның Мәдениет үйіне шағын автобустың сертификаты және бас жүлде алған ауданның Мәдениет үйіне заманауи құрылмалы сахна кешенін салтанатты түрде сыйға тартты.

Өткен жылы Бородулиха, Жарма, Ақсуат аудандарында және бірқатар елді мекендерде жаңа мәдениет үйлері мен ауылдық клубтар халық игілігіне берілді. Ал биыл Үржар ауданының Жоғарғы Егіссу ауылында, Мақаныш ауданының Көктерек ауылында, Ақсуат ауданының Көкжыра ауылында жаңа мәдениет ошақтарының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Абай облысында 300-ге жуық мәдениет мекемесінде 2 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Олардың қатарында 137 кітапхана, 131 клуб, 10 музей, 9 архив, театр мен филармония бар.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

Сапалы байланыс пен интернеттің қолжетімділігі - елдің цифрлық дамуындағы стратегиялық маңызды мәселе. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру мақсатында облыста байланыс инфрақұрылымын жетілдіруге арналған жобалар қолға алынауда.

БАЙЛАНЫС САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Ай-Көркем МАҚЫШ, «Semei тауы»



Сейсенбі күні облыс әкімі Берік Уәли «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Басқарма төрағасы Александр Бабичев бастаған делегациямен кездесіп, өңірдегі байланыс және интернет инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады. Кездесу барысында облыстағы мобильді байланыс сапасын арттыру, жаңа базалық станциялар орнату, ауылдық елді мекендердегі интернет жылдамдығын жақсарту және туристік аймақтарды сапалы байланыспен қамту бағытындағы жоспарлар талқыланды. Қазіргі таңда облыс елді мекендерінің 68 пайызы Tele2/Altel желісімен қамтылған. Ал Семей қаласында 59 базалық 5G станциясы жұмыс істеп тұр.

Аймақ басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялауы және технологияларды дамытуға тың серпін бергенін атап өтті.

Бұл шешім еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясын цифрлық технологиялар негізінде жүзеге асыруға, цифрлық трансформацияны жеделдетуге және жасанды интеллекттің кеңінен енгізуге бағытталған. Біздің облыста да осы салада бірқатар маңызды жобалар қолға алынауда. Алдағы уақытта бірлескен жұмыстар нәтижелі жүзеге асып, Абай облысының байланыс және интернет инфрақұрылымын дамыту бағытындағы ынтымақтастық жалғасады деп сенеміз, - деді Берік

Уәли. Кездесу қорытындысы бойынша таптар өңірдегі цифрлық қолжетімділікті жақсарту, байланыс желісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және шалғай ауылдарды сапалы интернетпен қамту бағытында бірлескен жұмыстарды жалғастыруға уағдаласты. Абай облысының әкімдігі мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасында байланыс және интернет желісін дамыту жөніндегі өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум аясында 2026 жылы Семей қаласында 5G стандарты бойынша 29 базалық станцияны іске қосу, қосымша 10 станция салу және 26 станция жаңғырту жоспарланып отыр. Сонымен қатар облыс аумағындағы елді мекендерде тағы 7 базалық станция орнатылып, 3 станция жаңартылады.

Сондай-ақ интернет сапасы төмен ауылдарда 3G желісін 4G форматына көшіру, Семей қаласындағы байланыс өлсіз аймақтарды жою, Алакөл жағалауы мен Қабанбай ауылындағы мобильді интернет сапасын жақсарту бағытында да кешенді жұмыстар жүргізіледі.

Айта кетейік, соңғы үш жылда «Мобайл Телеком-Сервис» компаниясы Абай облысының байланыс инфрақұрылымын дамытуға 6,5 миллиард теңгеден астам инвестиция салған. Ал биыл бұл мақсатқа шамамен 1,2 миллиард теңге бағыттау жоспарланып отыр.

«АБАИ SCIENCE FEST»

Семей қаласындағы Шәкәрім университетінде өткен «АБАИ SCIENCE FEST» фестивалі өңірдегі жас ғалымдардың басын қосты. Іс-шара барысында облыс әкімі Берік Уәли жас зерттеушілермен кездесті. Олардың ғылыми жобаларымен танысып, ғылымды дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА – ЖАҢА СЕРПІН

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei тауы»



Кездесуге Шәкәрім университеті, Aikhan Bokeikhan University, Семей медицина университеті, Ұлттық ядролық орталық, Ядролық технологиялар паркі, Ядролық медицина және онкология орталығы, сондай-ақ Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтының жас ғалымдары қатысты.

Фестиваль аясында ғылыми жобалар көрмесі ұйымдастырылып, агротехнология, медицина, жасанды интеллект негізіндегі жобалары туралы айтылды. Ал Ұлттық ядролық орталық пен Ядролық технологиялар паркі өкілдері атом энергетикасы, радиациялық технологиялар және өнеркәсіптік инновациялар бағытындағы жұмыстарын ұсынды.

Кездесу барысында облыс әкімі ғылым саласындағы жастарды қолдау мәселесіне ерекше тоқталды. Аймақ басшысының айтуынша, өңірдің ғылыми әлеуетін күшейту мақсатында Семей қаласының солтүстік бөлігіндегі жаңа Smart City ауданында заманауи «Ғалымдар үйі» салынбақ. Мұнда ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған зертханалар, қажетті құрал-жабдықтар мен заманауи инфрақұрылым қарастырылады.

Ғылыммен айналысатын жастардың алаңсыз еңбек етіп, өз әлеуетін толық жүзеге асыруы үшін барлық жағдай жасалуы керек. Ең

алдымен баспана мәселесін шешу маңызды, - деді Берік Уәли. Осыған байланысты облыс әкімі қала әкімдігіне «Отбасы Банк»-пен бірлесіп, жас ғалымдарды «Абай жастары» бағдарламасына енгізуді тапсырды.

Сонымен қатар өңір басшысы ғылымды дамытуға бағытталған бірнеше нақты шешім қабылданғанын айтты. Яғни Семей қаласында ғылыммен айналысуға барлық жағдай жасалған Ғалымдар үйі салынады: жас ғалымдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі кезек-кезеңімен шешіледі; қолданбалы ғылыми зерттеулерге өңірлік тапсырыс беріледі; жастар саясаты басқармасы жас ғалымдардың бірлестігін қолдайды; кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы ғалымдар және бизнеспен бірлесіп, өңірлік ғылымды дамытудың кешенді жоспарын әзірлейді.

Бүгінде Абай облысында 150 мыңнан астам жас тұрады. Бұл – өңір халқының төрттен бір бөлігі. Аймақтағы жоғары оқу орындары мен колледждерде 40 мыңнан астам студент білім алса, ғылым саласында 830 жас ғалым мен зерттеуші еңбек етуде.

Жиын қорытындысында облыс әкімі өңірлік ғылымды дамытуға арналған кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды. Құжат жас ғалымдардың ұсыныстарын ескере отырып дайындалмақ.

Бұл бастамалар Абай облысындағы ғылымның дамуына тың серпін беріп, жастардың туған өлкеде ғылыммен айналысуына жаңа мүмкіндік ашпақ.

Жиын соңында аймақ басшысы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбековке құжатты жас ғалымдармен бірлесіп жан-жақты талқылап, нақты ұсыныстар негізінде қабылдауды тапсырды.

АВСТРАЛИЯНЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Аймақ басшысы Берік Уәлидің тапсырмасымен Австралияға арнайы іссапармен барған облыс делегациясы элемдегі агротехнологиясы озық елдің мал шаруашылығын дамытудағы тәжірибелерімен танысты.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei тауы»


Облыс делегациясы Австралиядағы бірқатар ірі шаруашылықтарды аралап, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі заманауи технологиялар мен тиімді басқару тәсілдерін көрді.

Сапар барысында әлемге танымал меринос, допер, австралиялық ақ қой, тексель, полл дорсет сияқты қой тұқымдарының өсіру ерекшеліктерімен танысты. Сондай-ақ 5 мың бас ірі қара мен 60 мың бас қойға арналған ірі мал сауда орталығының жұмысы және бордақылау алаңдарының қызметі таныстырылды. Австралиялық мамандар қойды асылдандыру бағытындағы жұмыстардың нәтижесін көрсетті. Делегация қой қыру процесін де көрді. Бұл тәжірибе мал өнімділігін арттыру мен жүн сапасын жақсартуға тиімділігімен ерекшеленеді.

Бордақылау алаңдарындағы малдың тез өрі тиімді салмақ қосусына мүмкіндік беретін автоматтандырылған жем беру жүйесі облыс фермерлерінің қызығушылығын тудырды. Австралия шаруашылықтарында қолданылатын автоматты азықтандыру және цифрлық басқару жүйелері ауыл шаруашылығын дамытуға

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

дағы инновациялық шешімдер ретінде қарастырылды. Сапар қорытындысы бойынша жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, екпе шөп егу және қоршау арқылы мал жаю жүйесін енгізу жоспарланды. Сонымен қатар бірқатар шаруашылықтарда автоматтандырылған бордақылау алаңдарын іске қосу көзделуде. Бұдан бөлек, ангус және геррефорд тұқымды малды сатып алу бойынша келіссөздер жүргізілді. Бұл бастамалар ет сапасын арттыруға, жайылым жерлерінің тозуын азайтуға және мал шаруашылығының тиімділігін көтеруге ықпал етеді.



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Жаз мезгілінің басталуына байланысты өңірдегі су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Осы ретте Абай облысында шомылу маусымына дайындық жұмыстары күшейтіліп, халықтың қауіпсіз демалысын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолға алынауда.



Ай-Көркем ЖАҚЫП, «Semei тауы»

Дүйсенбі, 18 мамыр күні облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен өкімдік отырысында шомылу маусымы кезеңінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Қазіргі таңда облыс аумағындағы су айдындарында бұқаралық демалыс, туризм және спорт үшін 21 орын белгіленген. Оның 15-і - коммуналдық жағажай, 2-уі - жеке жағажай, 4-уі - жаппай демалыс аймағы.

Өткен жылы облыстың су айдындарында 12 адам, оның ішінде 4 бала суға батып қайтыс болған. Мамандардың айтуынша, қайғылы оқиғалардың басым бөлігі қауіпсіздік талаптарын сақтамау, мас күйінде суға түсу және балаларды қараусыз қалдыру салдарынан орын алған.

Шомылу маусымына дайындық аясында Алакөл жағалауында құтқару станциясы ашылды. Сонымен қатар халық көп жиналатын орындарда патрульдеу жұмыстары күшейтіліп, 30 жаяу және 16 мобильді бекет қойылады. Бұл жұмыстарға төтенше жағ-

дайлар департаменті мен әскери бөлімнің 100-ден астам қызметкері жұмылдырылады.

Сондай-ақ су айдындарында оқу-жаттығулар өткізу, су түбін тазарту, қауіпті аумақтарға ескерту белгілерін орнату және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту жоспарланып отыр.

Жиында Алакөл көліндегі шағын көлемді кемелер үшін арнайы пирстер орнату, жағалаудағы бейнебақылау жүйесін кеңейту, сондай-ақ Семей қаласындағы жабдықталмаған жағажайларды ретке келтіру мәселелері де көтерілді.

Облыс әкімі қала және аудан әкімдеріне шомылу маусымындағы қауіпсіздік шараларын күшейтуді, жабдықталмаған жағажайларды бақылауға алып, ресми демалыс орындарының санын арттыру мәселесін қарастыруды тапсырды. Сонымен қатар туристік аймақтардың қауіпсіздігін мен инфрақұрылымына талдау жүргізіп, шағын көлемді кемелердің қауіпсіздігін қатаң бақылауды жүктеді.

Жаз мезгілі басталысымен облыс ау-

мағындағы су айдындарына халық көптеп демалуға шығады. Біздің міндетіміз - тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Екі аптадан кейін облыста шомылу маусымы ресми басталады. Алайда дайындық жұмыстары толық аяқталды деуге әлі ерте. Қазір жағажай инфрақұрылымы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және стихиялық шомылу орындарының мәселесі өзекті болып отыр. Өрбір қайғылы жағдайдың артында адам өмірі тұрғанын ұмытпауымыз керек, - деді Берік Уәли.

Жиында, бұдан бөлек, «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасының жүзеге асу барысы да талқыланды. Бағдарлама аясында 16 мамыр күні облыстың барлық елді мекенінде санитарлық тазалық жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікке 15 мыңнан астам тұрғын қатысып, 471 үймен мен 204 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 1651 аула, 79 саябақ пен сквер аумағы тазартылып, 3342 тонна қоқыс шығарылды. Биыл облыс көлемінде 67 мың көшет отырғызу жоспарланып, оның 52 мыңнан астамы егілді.

ӨМІР-ӨЗЕН

ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН ТЕКТИҢ ТҰЯҒЫ

Диірменнің тасындай дөңгелеген дүние-ай. Ардақты әкеміз Мұхамедрахым (Рахан) Жолдасбайұлы Масалимовтың өмірден өткеніне 5 жыл болыпты.

Уақыт зымырап өткенімен, әкеміздің жарқын бейнесі, парасатты болмысы, өнегелі ғұмыры санамызда жаңғырып тұр. Жылдар жылжыған сайын жүректегі сағыныш та тереңдей түседі екен.

Сағыныш – өмірдің қиын кезеңдерінде де, қуанышты сәттерінде де қанық табылған ең сенімді жанды жоқтау. Бұл – бірге өткізген бақытты күндерді еске алып, оның орнының ешқандай толмайтын жүрегімен сезіну. Әкеге деген сағыныш – тек мұң емес, оның өмірде болғанына, қасында жүргеніне деген шексіз ризашылық.

Мұхамедрахым Жолдасбайұлы Масалимов 1953 жылы Шар ауданының Шалабай ауылында дүниеге келген. Әкесі Жолдасбай мен анасы Қулия бұрынғы Семей облысы Шар ауылындағы «Шалабай» асыл тұқымды мал зауытында еңбек еткен.

Жолдасбай атамсыз қазақтың атақты ақбас сиыр тұқымын асылдандырумен айналысып, елге танылған еңбек адамы болды. Ол – Ленин сыйлығының лауреаты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, халық шаруашылығы көрмесінің делегаты ретінде Мәскеуге дейін барған. Есімін ұлықтау мақсатында Шалабай ауылында бір көше беріліп, музей ашылған.

Жолдасбай атамсыз бен Қулия апамыз бес бала (екі ұл, үш қыз) тәрбиелеп өсірген. Бұл әулеттен елге сыйлы, білімді, абыройлы азаматтар шықты. Әкеміздің үлкен ағасы – ұзақ жылдар Семей облыстық денсаулық сақтау басқармасы басқарған Тоқтар Масалимовты танымайтын жан кеме-кем. Ағамыздың білімділігі, мәдениеттілігі мен қарапайымдылығы көпке үлгі болды. Қарындастары Орынбала, Ырымбүбі, Нағима да медицина саласында еңбек етіп, халық алғысына бөленген ақ халатты абзал жандар атанды. Інісі Ерлан да ата-әжесінің тәрбиесінде болып, әке жолын қуды, білікті дәрігер атанды. Бірнеше облыста денсаулық сақтау саласын басқарып, бүгінде құрметті профессор атанып отыр.

«Тектіден текті туады» деген сөз осы әулетке қарата айтылғандай. Осындай ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген Жолдасбай ата мен Қулия апаның еңбегі ерен.

Бұл әулеттің тамыры ел сыйлаған Мәселім биден бастау алады. Баба рухына тағзым ретінде әулеттің үлкені Тоқтар Масалимовтың бастамасымен бидің басына еңселі ескерткіш пен құлпытас орнатылды. Осындай баба рухын ұлықтаған Жолдасбай атаның ұрпақтары — абыройлы, еңбекқор жандар.

Ел ішінде Рахан есімімен танылған Мұхамедрахым әкемізге келсек, ол кісінің өмір жолы да өзгеше өрілді. Орта мектепті бітіргеннен кейін әскер қатарына шақырылып, 1972 жылдың қарашасынан 1975 жылдың қарашасына дейін Тынық мұхит флотының атомдық сүңгуір қайығында әскери борышын өтеді. Владивосток, Магадан, Петропавловск-Камчатский қалаларында әскери қызметін атқарды.

Әскерде қызмет еткен жылдары оның өміріндегі үлкен мектеп болды. Сүңгуір қайықтағы үш жыл ішінде Тынық мұхит флоты кемелері мен бөлімдеріне арналған комсомол белсенділерін даярлау мектебін бітіріп, 1973–1974 жылдары комсомол ұйымының хатшысы болды. 1974 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданып, Магадан қаласындағы сүңгуір қайықтар жеке бригадасының саяси бөлімі жанындағы мектепті сырттай тамамдады. Екі мәрте су асты жорығына қатысып, «Алыс жорық үшін» төсбелгісімен марапатталды. Саяси және жауынгерлік дайындық үздігі атанып, әскери қызмет кезінде екі мәрте демалысқа жіберілді. Бұл сол кезең үшін сирек кездесетін жағдай еді.

1975 жылы елге оралған соң, Семей зооветеринарлық институтының дайындық тобына түсіп, келесі жылы студент атанады. Бірінші курстан бастап үздік оқыған әкеміз оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Институтты тамамдағанша топ старостасы болды. Үшінші курстан бастап Лениндік стипендияның иегері атанды. 100 сом мөлшеріндегі бұл



шәкіртақы сол кезде КСРО Жоғары білім беру министрлігі тарапынан тек үздік оқытын және қоғамдық жұмыстарда белсенді студенттерге ғана тағайындалатын. Институт бойынша 3 студент қана стипендия иегері болды, ветеринарлық факультет бойынша екі стипендия және зоотехникалық факультет бойынша бір стипендия тағайындалды.

Оқуды аяқтағаннан кейін Мәскеудегі Тимирязев академиясының аспирантурасына түсу үшін жолдама алып, ірі кара мал кафедрасында жұмысқа қалдырылады. Алайда Әкеміз тәжірибе жинақтау мақсатында өз қалауымен Мақаншы ауданының «Қарабұлақ» совхозына аттанады. Ол бауырларының ішінен жалғыз өзі ата-анасының жолын қуып, өмірін ауыл шаруашылығы саласына арнады. «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген қағиданы өмірлік ұстанымы етті.

1981 жылдан бастап білімше зоотехнигі болып, көп ұзамай ірі мал ша-

руашылығы совхозының бас зоотехнигі қызметіне тағайындалды. Бес жыл ішінде 50 мың қой, 3,5 мың ірі қара, мыңнан астам жылқысы бар алпауыт шаруашылықтың жұмысын үйлестірді. Осы кезеңде селекциялық жұмыстар мен асыл тұқымды мал өсіруге ерекше көңіл бөліп, төл алу көрсеткішін арттыруға зор үлес қосты.

1986 жылдың қыркүйегінде Мақаншы аудандық партия комитетінің шешімімен Фурманов атындағы совхоздың партия ұйымының хатшысы болып тағайындалды. Бұл 40 мың гектар егістік алқабы бар ірі шаруашылық болатын. 1988 жылдан бастап аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімін басқарды. 1990 жылы «Пограничный» асыл тұқымды совхозының директоры болып тағайындалды. Совхозды әкеміз 7,5 жыл басқарды. Сол жылдары ауылдардың әлеуметтік-мәдени дамуына айрықша көңіл бөлініп, инфрақұрылымы дамыды: жаңа тұрғын үйлер мен ауданда теңдесі жоқ спорт залы бар мәдениет үйі салынды. 1993 жылы бұл шаруашылыққа жоғары сапалы ангор ешкірін өсіретін және ақбас сиырдың жаңа тұқымын шығаратын асыл тұқымды зауыт мәртебесі берілді. Бұл да әкеміздің ерен еңбегінің нәтижесі еді.

Әкеміз 1997 жылы Семей қаласына қоныс аударып, 2005 жылға дейін сақтандыру бизнесі мен коммуналдық шаруашылық салаларында басшылық лауазымдарда қызмет етті. 2006 жылдан Шемонаиха аудандық статистика басқармасының басшысы болып, 2016 жылы абыроймен зейнетке шықты.

Анамыз Сәуле екеуі үш қыз тәрбиелеп өсірді. Тұңғышы Әсем - қаржыгер, экономист, магистр. Мәскеу қаласында Ресей-Беларусь-Қазақстан кеден одағында қызмет атқарады. Ортаншысы Әсел - жоғары санатты кардиолог дәрігер. Астана қаласын-

дағы Орталық әскери госпитальда жұмыс істейді. Кенжесі Әлия - Мәскеу мемлекеттік университетінің магистратурасын бітірген заңгер. ҚР Қаржы министрлігінде, кейін Дін істері агенттігінде қызмет етеді. Қазіргі таңда жеке кәсіпкер. Үш қызы да мемлекеттік тілде білім алып, оқу ордаларын үздік тамамдаған. Бүгінде Адель, Айзере, Аиша есімді немерелері есіп келеді.

Мұхамедрахым Жолдасбайұлының еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Ол «Бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағы», «Қазақстан Республикасы статистика үздігі», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» тесбелгілерімен және облыс, аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Әкеміз табиғатынан болмысы бөлек, кең жүректі, мейірімді, нағыз қазақы қасиет дарыған жан еді. Сөзге шешен, ойға жүйрік әкеміз қандай ортада болсын мазмұнды әңгімесімен, парасатты пайымымен айналасын баурап алатын. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін асыл қасиеті оны көпшілікке сыйлы етті. Онымен сұхбаттасқан әр адам әкеміздің мәдениетіне, адамгершілігіне, терең танымна тәнті болатын. Тектіліктің тамыры тереңде жататынын оның салмақты мінезі мен парасатты ойларынан-ақ анық аңғаруға болатын еді.

Ардақты әке, адал жар, немерелерінің сүйікті атасы болған Мұхамедрахым Жолдасбайұлы 2021 жылы 9 қараша күні бақидан фәниге озды. Соңына өшпес із, өнегелі жол қалдырды. Әкеміздің жарқын бейнесі, айтқан ақылы мен берген тәрбиесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Әке деген - ең жақын дос, сырлас, қорған, сондықтан оған деген сағыныш - жанға бататын, жүректі елжірететін, орны толмас сезім.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, асыл әке! Алла Тағала алдыңыздан жарылқап, жаныңызға жаннаттың төрінен орын бұйырды нәсіп етсін.

Қыздары Әсем, Әсел, Әлия
МАСАЛИМОВАЛАР

ЦИФРЛАНДЫРУ

Қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігі қарқынды цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеруде. Әсіресе жасанды интеллект технологиялары жоғары білім беру жүйесіне терең еніп, оқыту процесін жаңа сапалық деңгейге көтеріп келеді. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалмай, Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан ұлттық AI-Sana бағдарламасы арқылы білім мен ғылым саласына озық технологияларды жүйелі түрде енгізуді қолға алған болатын.

СТУДЕНТТИҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КӨМЕКШІСІ



AI-Sana бағдарламасының басты мақсаты – жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, ғылым әлеуетті күшейту және заманауи цифрлық орта қалыптастыру. Бұл бастама – тек технологиялық жоба ғана емес, еліміздің интеллектуалдық болашағына бағытталған стратегиялық қадам.

Осы ауқымды бастама аясында Шәкәрім университетінде жақында іске қосылған жасанды интеллект агенті – Shakarim Student AI Advisor. Бұл – студенттердің академиялық жағдайын талдап, олардың оқу процесіндегі ықтимал тәуекелдерін ерте кезеңде анықтауға арналған интеллектуалды цифрлық ассистент.

Жүйенің басты ерекшелігі – ол студенттің үлгерімін ғана бақылап қоймай, оның академиялық траекториясын кешенді түрде сараптайды. Атап айтқанда, AI-ассистент әр пән бойынша академиялық қарыз қаупін, семестр қорытындысында GPA төмендеу ықтималдығын, кредит жетіспеушілігі тәуекелін және сабаққа қатыспау салдарының үлгеріміне әсерін анықтай алады.

Мәселен, егер студент белгілі бір пән бойынша сабақтарды жиі босатып, тапсырмаларды уақытында орындамаса немесе аралық бақылаулардан төмен нәтиже көрсетсе, жүйе мұны бірден тәуекел факторы ретінде белгілейді. Нәтижесінде студентке түсінікті форматтағы арнайы «светофор» жүйесі ұсынылады: жасыл түс – төмен тәуекелді, сары – орташа тәуекелді, ал қызыл – жоғары тәуекел деңгейін білдіреді.

Ең маңыздысы – жүйе тек қауіп туралы ескертіп қана қоймай, оның нақты себептерін де түсіндіреді. Мысалы: төмен баға, сабақ босату, тапсырмаларды орындау ерекшелігінің аздығы немесе бақылау жұмыстарынан төмен нәтиже көрсету секілді факторлар сараланып беріледі. Сонымен қатар, AI-ассистент студентке нақты әрекет жоспарын ұсынады: оқушының қанша уақыт қосымша тапсырмалар орындау, қайта тапсыру мүмкіндігін пайдалану, жіберілген сабақтарды өтеу немесе оқу қаржының қалпына келтіру секілді ұсыныстар береді.

Бұл жерде ерекше атап өтетін жайт – жүйе ешқандай автоматты шешім қабылдамайды және бағалау процесіне араласпайды. AI-ассистенттің міндеті – студентке бағыт-бағдар беру, тәуекелдерді алдын-ала көрсету және уақтылы қолдау ұсыну. Яғни, ол цифрлық кеңесші әрі студенттің оқу барысындағы сенімді көмекшісі қызметін атқарады.

Shakarim Student AI Advisor агенті – университеттің инновациялық білім беру экосистеміне қалыптастыру жолындағы нақты қадамдарының бірі. Мұндай технологиялар студенттердің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың жеке оқу траекториясын тиімді басқаруына мүмкіндік береді.

Бүгінде жасанды интеллект тек технологиялық жаңалық емес, білім беру мәдениетін өзгертетін маңызды құралға айналып отыр. Ал Шәкәрім университетінде жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар – жоғары білім беру жүйесінің болашаққа батыл қадам жасап жатқанын көрсетеді.

Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі

РУХАНИ КЕЛІСІМ МЕН ӨЗАРА ҚҰРМЕТ

14 мамыр күні өңір аумағында орналасқан діни бірлестік өкілдері Семей қаласындағы Воскресенский соборында болды. Танымдық экскурсия барысында қатысушыларға ғибадат орнының құрылу тарихы, сәулеттік ерекшеліктері және өңірдің рухани-мәдени өміріндегі маңызы туралы кеңінен ақпарат берілді.

Кездесу аясында қатысушылар собордың ішкі құрылымымен танысып, тарихи жәдігерлер мен рухани мұраны сақтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағаларын берді. Іс-шара барысында діни конфессиялар арасындағы өзара түсіністік, құрмет пен қоғамдық келісім мәселелері де сөз болды.

Воскресенский соборы — Семей қаласындағы тарихи әрі рухани маңызы зор нысандардың бірі. 1857–1860 жылдары салынған бұл ғибадат орны «Казачья церковь» атауымен де белгілі. Ол қаладағы революцияға дейінгі кезеңнен сақталған жалғыз православиелік храм әрі сәулет ескерткіші ретінде мемлекет қорғауына алынған.

Тарихи деректерге сүйенсек, собор казак уряднигі Митрофан Путинцевтің бастамасымен, негізінен, халықтың қаражатына салынған, бой көтерген. Жобасын сәулетші Александр Болботов жасаған. Ғимарат кеңестік кезеңдегі қиын уақыттарда да бұзылмай, өз қызметін сақтап қалған сирек тарихи нысандардың қатарында.

Собордың сәулеті XIX ғасырдағы казактардың ағаш және тас храмдарына тән ерекшеліктерді айқын көрсетеді. Зәулім күмбезі мен шатырлы қоңырау мұнарасы ғимаратқа айрықша келбет береді. Мұндай кездесулер түрлі діни бірлестіктер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып қана қоймай, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтауға бағытталған маңызды диалог алаңына айналып отыр. Бүгінде адамдар ғасырлар бойы бейбітшілік пен бірлік жайлы айтып, ғибадат орындарын тұрғызғанымен, қоғамдағы өзара түсіністік пен сыйластықтың құндылығы әлі де өзекті. Сондықтан рухани мұраларды танып-білу мен мәдени байланыстарды дамыту — ортақ келісімнің маңызды негізі.

АДАЛ АЗАМАТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ОРТАҚ МІНДЕТ

Жуырда «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Абай облысы филиалының кеңейтілген отырысы өтті.



Жиынға «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәлс Семғалиев, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы Руслан Шәріпов, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Абай облысы бойынша филиалы директорының міндетін атқарушы Алуа Сабалақова, сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудандық қызмет өкілдері, мемлекеттік органдар өкілдері, Семей қаласындағы білім беру мекемелерінің директорлары мен компаниялар қызметін басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Отырысты филиалдың жаңадан тағайындалған директоры Думан Орынбеков ашты. Ол «Жаңару» РҚБ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндап, бүгінгі кеңейтілген отырыстың басты мақсаты атқарылған жұмыстарды саралау,

алдағы кезеңге арналған басым бағыттарды айқындау және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жолдарын ашық талқылау екендігін жеткізді.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кері әсер ететін өзекті мәселелердің бірі. Онымен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті, - деген филиал директоры жастар арасында түсіндіру және насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің, бұл бағытта Шәкәрімнің «Ар ілімі» кеңінен насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, ұлы ойшылдың ар-ождан, әділет, адалдық қағидаттарына негізделген тағылымы жас ұрпақтың санасында парасаттылық пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Біз қызмет етіп отырған Абай облысы – ұлы ойшылдардың мекені. Солардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның ар ілімі – бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоймаған терең тағылым. Шәкәрім ар-ұжданды

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ



Өз тілшіміз

адам болмысының ең биік өлшемі ретінде қарастырады. Сондықтан ар-ұждан құндылықтарын нығайту – біздің жұмысымыздың тек рухани негізі ғана емес, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды тетіктерін бірі деп есептеймін. Осыған орай, жоба аясында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар іліміне» негізделген арнайы «Ар-ұждан және адалдық мәдениеті» атты жастарға арналған танымдық заманауи іс-шараларды кеңінен өткізуді ұсынамын, - деген Думан Рымғалиұлы аталған іс-шарада жастарға ойшылдың еңбектері арқылы адалдық, әділет, жауапкершілік ұғымдарын түсіндіру, сондай-ақ өмірлік жағдайлар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеке ұстаным қалыптастыру көзделетінін атап өтті.

Келелі кеңесте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы Руслан Шәріпов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты трансформациялау: жүйелі алдын алу» деген Думан Рымғалиұлы аталған іс-шарада жастарға ойшылдың еңбектері арқылы адалдық, әділет, жауапкершілік ұғымдарын түсіндіру, сондай-ақ өмірлік жағдайлар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеке ұстаным қалыптастыру көзделетінін атап өтті.

Келелі кеңесте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы Руслан Шәріпов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты трансформациялау: жүйелі алдын алу» деген Думан Рымғалиұлы аталған іс-шарада жастарға ойшылдың еңбектері арқылы адалдық, әділет, жауапкершілік ұғымдарын түсіндіру, сондай-ақ өмірлік жағдайлар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеке ұстаным қалыптастыру көзделетінін атап өтті.

Жыын барысында қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру, «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету және жастар арасында адалдық пен парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Қатысушылар ашық пікір алмасып, нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Қулия РАИС,
Семей қаласы



Семей өңірі – ел тарихында есімі алтын әріппен жазылған талай дара тұлғаны дүниеге әкелген қасиетті мекен. Солардың ішінде ұстаздық пен ғылымдықты, ағартушылық пен азаматтықты қатар алып жүрген көрнекті тұлға – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Асқарбек Қобышевтың ұстазына арнап жазылған мақаланы ұсынамыз.

Биыл өмірін білім, ғылыммен өрнектеген ғалым жетпістің бесеуіне толып отыр. Бұл – бір адамның ғана мерейтойы емес, тұтас қазақ ғылымы мен білім саласының мерейлі белесі десек, артық айтқандық емес.

ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

ҚАЙНАРДАН БАСТАЛҒАН ДАРА ЖОЛ

Төрт министр, алты Социалистік Еңбек Ері, алты Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ондаған академиктер мен ғылым докторларын тұлқеткен қасиетті Қайнар ауылы – қазақ руханияты мен ғылымының алтын бесігі. Тарихы терең, тағылымы мол бұл мекен талай дарынды тұлғаның қанатын қатайтып, үлкен өмірге жол ашты. Осындай киелі топыраққа, елге еңбегі сіңген әулетте 1951 жылдың 30 мамырында Қобышев Құсайынұлының шаңырағында болашақ ғалым дүниеге келді.

Бала күнінен зерек, алғыр болып өскен Асқарбек Қобышевтың ауылдағы еңбек пен тәрбие мектебін қатар көріп ержетті. Қайнардың табиғаты, ел ішіндегі зиялы қариялардың әңгімесі, білімге құрметпен қарайтын орта оның таным көзкіеінің кеңеюіне әсер етті. Жастайынан техникаға, есеп-қисапқа бейімдігі байқалған ол мектеп қабырғасында-ақ үздік оқушылардың қатарынан көрінді.

Асқарбек Қобышевтың ауыл мектебінде білім алып, 1968 жылы С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебін тамамдады. Мектептегі ұстаздары оның ізденімпаздығын, жауапкершілігін ерекше бағалайтын. Әсіресе жаратылыстану пәндеріне қызығушылығы болашақ мамандығын таңдауға негіз болды.

Арман қуған жас талапкер сол жылы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне оқуға түседі. Бұл кезең ауылдан шыққан қазақ жастары үшін үлкен ортаға қадам басқан, өмірлік бағыт айқындалатын маңызды шақ еді. Алматыдағы студенттік өмір оған жаңа мүмкіндіктермен қатар үлкен жауапкершілік те жүктетті.

Қазақ ауылынан шыққан баланың тек орыс тілінде жүргізілетін техникалық пәндерді меңгеруі оңай болған жоқ. Дегенмен табиғи зеректік пен ғылымға деген құштарлық жас жігітті қиындыққа мойыптады. Ауыл баласына тән төзімділік пен табандылық оның уақытын толықтай білім мен ізденіске арнауына себеп болды. Күндіз дәріс тындап, кешкі уақытын кітапханада өткізген студент күрделі ғылымның қыр-сырын терең меңгеруге ұмтылды.

Ол студенттік жылдардың өзінде-ақ еңбек-қорлығымен, ізденімпаздығымен ерекшеленді. Ұстаздарының сеніміне ие болып, қатарластары арасында білімге деген ынтасымен танылды. Осылайша Қайнардан басталған қарапайым ауыл баласының жолы үлкен ғылымға қарай бет алды.

ПЛАЗМАНЫҢ ҚҰПИЯСЫН АШҚАН ЖАС ҒАЛЫМ

Өмірлік жолын білімге арнаған жанның жеткен жетістігі де аз емес.

Кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор А.В.Болотов өз дәрістерінде сол кезеңде ғылымда жаңалық болған төменгі температурадағы плазма жайлы айтып, оның маңызы мен келешегі туралы кең көлемде мағлұмат беретін. Ұстазының дәрістері оның ғылымға деген ынтасын оятты.

Профессор А.Болотовтың шақыруымен Асқарбек Қобышевтың өзінің еңбек жолын ҚазПТИ жанындағы Төменгі температурадағы плазманы зерттеу зертханасында бастады. Жас ғалымға жүктелген міндет – елімізде бұрын-соңды жасалмаған, ауамен салқындатылатын плазматрон құрастыру және сол құрылғы арқылы Алматы қаласындағы Үй құрылысы комбинатының Ақсай қарьеріндегі алып гранит тастарды бұзу болатын. Ол кезеңде Қазақстанда тек сумен салқындатылатын плазматрондар ғана қолданылатын. Ал ауамен салқындатылатын жаңа жүйені жасау – үлкен ғылыми тәуекел мен тың ізденісті талап етті.

Бұл Асқарбек Қобышевтың ғылым әлеміне шын мәнінде терең бойлаған, тынымсыз тәжірибе мен табанды еңбектің мектебінен өткен шағы еді. Айлар бойы зертханадан шықпай жүрген ізденістерінің нәтижесінде ол плазматронның үш жаңа құрылымын жасап шығарды. Жас өнертапқыштың бұл жаңалықтары Кеңес Одағы көлемінде жоғары бағаланып, оған өнертабысқа берілетін Зияткерлік меншік объектісінің үш мемлекеттік тіркеу күшіне ие болды. Бұл – ғылым жолындағы жас зерттеуші үшін үлкен сенім мен зор шабыт сыйлаған сәттердің бірі болды.

Осылайша Қазақстанда тұңғыш рет ауамен салқындатылатын плазматрон жасалды. Жаңа құрылғы өндірістік сынақтарда өзін толық дәлелдеп, қарьердегі орасан зор гранит тастарды бұзуда тиімді қолданылды. Ғылыми ізденісін одан әрі тереңдетуді мақсат еткен жалынды жас 1975 жылы ҚазПТИ-дің энергетика факультетінің негізінде құрылған Алматы энергетика институтының аспирантурасына оқуға түсті.

ГЕРМАНИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ

1976 жылы жаңадан құрылған институтқа Одақтық министрлік Германияда докторантурада білім алуға бір орын бөледі. Осы үлкен сенімнің нәтижесінде Асқарбек Қобышевтың Германияның Ильменау қаласындағы Жоғары техникалық мектепке үш жылдық докторантураға жолдама алып, Еуропадағы іргелі ғылыми ортаның біріне аттанды.

Онда оған ғылыми жетекші болып Плазма және электр доғасы кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, әйгілі профессор В.Ротер бекітілді. Жас ғалымның зерттеу тақырыбы электр доғасын оптикалық Шлирен аппараты арқылы зерттеу еді. Бұл сол кезең үшін аса күрделі әрі Германия ғылымында әлі толық қолға алынбаған тың бағыттардың бірі болатын.

Асқарбек Қобышевтың кейін сол жылдарды ерекше тебіреніспен еске алады:

- Жұмыстың ауқымы өте үлкен болды. Мұндай зерттеу Германияда бұрын жүргізілмеген екен. Электр доғасы жанатын арнайы камера жасап, оны Шлирен аппаратына орналастыру қажет болды. Электр доғасын жағып, ол жанған сәтте фотоаппарат автоматты түрде іске қосылып, миллисекунд ішінде доғаның бейнесін түсіріп үлгеруі тиіс. Электр доғасы миллисекунд уақытқа ғана жанады, фото камерасы да осында

уақытқа ғана қосылады, осы екеуінің синхронды жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, электр доғасын таза түсіру өте қиын болды. Эксперименттік қондырғы түгелдей менің сызбаларым мен жобаларым негізінде жасалды. Әр бөлшегіне өзім жауап бердім. Фотопластинкаға түскен электр доғаларын зерттей отырып, үлкен теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізді,- дейді ғалым.

Ғылыми жетекшісі профессор В.Ротердің айтқан бір сөзі оның жадында мәңгі сақталып қалды: «Құсайынов мырза, егер диссертацияңызды уақытында қорғағыңыз келсе, тәулігіне 28 сағат жұмыс істеуіңіз керек. Ал қалған уақыты тапсаңыз – тамақтаныңыз, ұйықтаңыз, демалыңыз». Алайда маңдай тер мен табанды еңбектің нәтижесі зая кеткен жоқ. 1979 жылы ол ғылыми жұмысын сәтті аяқтап, диссертациясын жоғары деңгейде қорғап шықты. Осылайша «Докторинженер» ғылыми дәрежесін иеленіп, шетелде бұл атақты алған алғашқы қазақстандық ғалымдардың бірі ретінде тарихта қалды.

Кейін Кеңес Одағы Оқу-ағарту министрлігінің жолдамасымен АЗИ-ге қайта оралған ғалым Германияда кеңінен дами бастаған жоғары кернеулі элегазды (SF6) айырғыштар мәселесін зерттеуге кірісті. Бұл энергетика саласындағы болашағы зор, аса маңызды бағыттардың бірі еді. Ол Шымкенттегі Электр аппараты зауытымен келісімшарт жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын бастайды.

1991 жылы құрылғының өндірістік-тәжірибелік нұсқасын әзірлеу кезеңі қолға алынған болатын. Алайда дайын өнімді сынақтан өткізетін арнайы ғылыми орталықтар Қазақстанда болмады. Мұндай күрделі сынақтар тек Санкт-Петербург пен Мәскеудегі мамандандырылған институттарда жүргізілетін. Ал оны жүзеге асыру үшін қолмақты қаржы қажет еді. Өкінішке қарай, сол кезеңдегі экономикалық қиындықтар мен қаржы тапшылығы бұл маңызды ғылыми жобаның толық аяқталуына мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, үлкен үміт артылған жұмыс тоқтап қалды.

ТЕКТИЛІКТЕН ТАРАҒАН ТАҒЫЛЫМ

Асқарбек Қобышевтың азаматтық болмысының қалыптасуына оның отбасындағы тағылымды тәрбие мен тектілік үлкен әсер етті. Әкесі Қобышев Хусанов белгілі партия-кеңес қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері болса, анасы Сахия Хусановна ол бала тәрбиелеп өсірген «Батыр ана», еңбек ардагері.

Оның балалық шағы отбасының мызғымас салт-дәстүрлерін негізделген мейірім мен қамқорлыққа толы ортада өтті. «Көргені жақсы көш бастар» дегендей, ол ата-ана тәрбиесінен қарапайымдылық, адамгершілік асыл қасиеттері мен еңбекке деген төзімділікті бойына дарытты.

- Атам Құсайынның өмірден өтуі маған өте ауыр тиді, ал оның шын аты Құсайын емес, Мұқан екенін естігенде, ештеңе түсінбей, одан бөтер қиналдым. Оның себебін кейін түсіндім. Үлкен атамды Құрманбайды Құсайын, Мұқан деген ұлдары болған. Құсайын кенет ауруға шалдығып, өмірден өтеді. Зайыбы Сағиға Зәкен, Қобышев деген екі баламен жесір қалады. Ауыл ақсақалдары балаларды жетім қалдырмайық деп, Сағиланы қалдыры Мұқанмен қосады. Мұқан жесір қалған жеңгесіне үйленіп қана қоймай, өзінің өсімінен бас тартып, ауыл адамдарынан енді өзін ағасының өсімімен атауды өтінеді. Бұл шешім әлі оң-солын тани қоймаған балаларға өз әкелерінің жоқтығын білдірмей, еркін өсірсе ойдан туған екен. Қазақтың тарихында әменгерлікпен інісінің, ағасының әйеліне үйленуі кездесетін жағдай, бірақ сол інілердің ішінде ағасының әйелімен отбасын құрғаннан кейін, өзінің өсімін өзгертіп, ағасының есімін алғандар туралы естімеген едім. Адамағ осындай шешім қабылдау үшін қаншалықты қасиет, үлкен жүрек керек десеңізші! Мен мұндай шешімді жаны таза, адами қасиеті мол, мейірімі мол адам ғана қабылдай алады деп ойлаймын,- деп деп академик атасын үлкен тебіреніспен еске алады.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Мектепте оқыған кезінде ғылымға қызығушылық танытқан жастардың сүйікті басылымы «Білім және еңбек» журналы еді. Германиядан оралған соң Қайнарға барғанда, сол журналдың қолына ұстаған балаларды көріп, оларға арнап мақалалар жазу идеясы туындады.

Төмен температурадағы плазма туралы «Төртінші көремет» деген мақаласы журнал бетінде жарық көрді. Бірақ оны жазу оңайға соқпады, себебі қазақ тілінде техникалық терминдер қалыптаспаған еді. Бұл жағдай оған терминология жасаудың өзіндік ғылым екенін ұғындырып, осы салаға тереңірек кірісуге итермеледі. Ол терминологияның заңдылықтарын зерттеп, қойылатын талаптарды саралап, осы салада жұмыс істейтін ғалымдармен пікір алмасты. Осы дайындықтың арқасында, Асқарбек Құсайынов ұлттық ғылым тілін қалыптастыру ісіне бел шеше кірісті.

Т.Жұмаханов, Ж.Шотанов, С.Балабатыровтармен бірге жазып, 1989 жылы жарық көрген «Электр техникасы және энергетика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» осы саладағы тұңғыш іргелі еңбек болды. Кейін оның ғылыми жетекшілігінде 31 томдық, одан соң 30 томдық салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Әрбір томы 5 мыңдай терминді қамтиын бұл сөздіктерді дайындауға 400-ден аса сала мамандары мен ғалымдар атсалысты. Бұл терминология саласындағы бірінші кешенді еңбек болды. Бұл еңбек аса жоғары бағаланып, іргелі еңбек үшін бір топ авторлармен бірге Асқарбек Құсайынов Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Бұл тек терминологиялық жұмыс емес, қазақ ғылым тілінің тұтас іргетасын бекіткен тарихи еңбек еді.

Ғалымның тағы бір үлкен еңбегі – қазақ этнографиясын әлемге танытуға бағытталған көптілді

ді этнографиялық сөздіктер.

2018 жылы А. Қ ұ с а й ы н о в, Ә.Жүнісбек және М.Жақыповтың авторлығымен алғаш рет қазақ этнографиясы бойынша алты тілде (қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай, араб) қысқаша сөздік жарық көрді. Бұл еңбек туралы А. Құсайынов былай дейді: «Біз, авторлар ұжымы, көптеген еңбектерді зерделей отырып қазақтың ұлттық салт-дәстүр ұстанымдары, тұрмыс-тіршілік үлгілері, киім киісі, үй-жай мен мал-



мүлік иелігі, той-думан өткізуі, ойын-қызықтар ұйымдастыруы, кәсіби құрал-саймандары тәрізді басқа ұлттарда кездесе бермейтін ұлттық ерекшеліктерін білдіретін 1100-ден аса атау (термин) сөздер жинастырып, «ЭКСПО-2017» көрмесіне арнап алты тілде қысқаша этнографиялық сөздік дайындадық. Мақсатымыз – қазақтың терең мағыналы осындай ұлттық терминдерінің мағынасын өз халқымызға және әлемнің түпкір-түпірінен келген басқа ұлт өкілдеріне түсіндіре отырып, оны кеңінен насихаттау болды».

Аталған сөздікте халықаралық фонетикалық транскрипция негізінде қазақ тіліндегі терминдердің дұрыс айтылуы көрсетіліп, оларға қысқаша түсіндірме берілді.

Ал былғы жылы А.Құсайынов, Ә.Жүнісбек, А.Солтанбекова, М.Жақыпов, Б.Тілеп, С.Асанованың авторлығымен өңделіп, кеңейтілген қазақ этнографиясы бойынша 8 тілдегі қысқаша сөздіктер топтамасы жарық көрді. 17 наурыз күні Абыр атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде осы еңбектің тұсаукесер рәсімі де өткен болатын.

ОҚУЛЫҚТАНУ ТЕОРИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ТҰЛҒА

Көп жылдық терең теориялық ізденістер мен ғылыми зерттеулердің нәтижесінде 2021 жылы Асқарбек Қобышевтың «Оқулық жасау және бағалау теориясы» атты көлемді монографиялық еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек отандық педагогика ғылымындағы оқулықтану бағытын дағиелеп, ғылыми негізде саралаған іргелі зерттеулердің бірі болды.

Монографияда оқулықтану пайда болу тарихы, жалпы әлемдік оқулықтану үрдісі және қазақ оқулығының қалыптасу жолы жан-жақты баяндалады. Ғалым отандық әрі шетелдік тәжірибелерді терең зерделей отырып, қазіргі заманғы оқулықтарды әзірлеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындады.

Еңбекте оқулықтың тек ақпарат беруші құрал емес, тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастыратын, білімді меңгеруге бағыттайтын күрделі педагогикалық жүйе екені ғылыми тұрғыда дәлелденді. Сонымен қатар, қазіргі оқулықтарға қойылатын талаптар, олардың дидактикалық функциялары мен сапалық көрсеткіштері нақты сараланды.

Асқарбек Қобышевтың «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп жүргізген зерттеулер негізінде оқулықтың дидактикалық аппараты мен оның атқаратын қызметін бағалаудың жаңа ғылыми жүйесін ұсынды. Бұл жүйе бойынша оқулық сапасы 19 бағыт пен 128 критерий негізінде анықталады. Мұндай кешенді тәсіл отандық оқулықтардың ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Ғалымның бастамасымен Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының жанынан «Оқулықтану» орталығы құрылды. Орталықтың басты мақсаты арнайы оқу курстарын ұйымдастыру арқылы оқулық авторларының кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа буын оқулықтарын дайындайтын мамандарды қалыптастыру еді. Осы уақытқа дейін аталған орталықта 1300-ден астам оқулық авторы арнайы даярлықтан өтті. Бұл еліміздегі білім сапасын арттыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болғаны анық.

Асқарбек Қобышевтың ғылыми-педагогикалық қызметіндегі ерекше кезеңдердің бірі Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесін жаңғыртуға арналған алғашқы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу жұмыстарына қатысуы еді.

1991 жылы сол кездегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Шайсұлтан Шаяхметовтің қабылдауында болған кездесу оның өмір жолындағы жаңа белестің басталуына себеп болды. Министр әңгіме

барысында бұрын білім беру саласындағы барлық стратегиялық мәселелер одақтық деңгейде шешіліп келгенін, ал енді тәуелсіз ел ретінде бұл бағыттағы жауапкершілікті өздерінің мойнына алу қажеттігін айтады. Ол әлемдік озық тәжірибелерді зерттеймізше, ұлттық білім жүйесін дамыту мүмкін еместігін ерекше атайды.

Асқарбек Қобышевтың шетелде білім алып, халықаралық ғылыми ортада тәжірибе жинағанын ескерген министр оны министрлік жұмысына шақырады. Осылайша, министрлік аппаратында жаңа басқарма құрылып, оның басшылығына Асқарбек Құсайынов тағайындалған еді.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ПЕДАГОГИКаның НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Осы кезеңде ол әлем елдерінің білім беру жүйелерін зерттеу мәселесімен терең айналыса бастады. Бұл бағыттың негізінде салыстырмалы педагогика ғылымы жатқанын аңғарды. Кеңестік кезеңде бұл ғылымның дамуына идеологиялық шектеулер мүмкіндік бермеген еді. Социалистік және капиталистік жүйелер қарама-қарсы тұрған уақытта Кеңес Одағының ғалымдары шетелдік білім беру жүйелерінің артықшылықтарын ашық зерттеп, оны ғылыми тұрғыда бағалай алмайтын.

Тәуелсіздікпен бірге ғылымға да еркіндік келді. Енді әлемдік тәжірибені зерделеуге, озық үлгілерді ұлттық білім жүйесіне бейімдеуге жол ашылды. Асқарбек Қобышевтың алдымен Қазақстандағы білім беру жүйесінің ахуалын зерттеп, кейін ТМД елдерінің тәжірибесін саралады.

Зерттеу барысында ол Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық сатылары – мектепке дейінгі тәрбие, кәсіптік білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері ұзақ жылдар бойы Мәскеудің тікелей құзыретінде болғанына толық көз жеткізді. Соның салдарынан елімізде білім беру жүйесін кешенді түрде зерттейтін ғылыми орталықтар қалыптаспай қалған еді.

Тіпті балабақша тәрбиесі, кәсіптік білім беру немесе жоғары білім жүйесін зерттеп, оны дамыту мәселелерімен айналысатын бірде-бір арнайы зертхана болмаған. Республика көлемінде тек орта білім беру мәселелерімен шұғылданып, құрамында елуге жуық қызметкері бар шағын ғана ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеді.

- «Бұл өте ауыр жағдай еді, ал басқа ТМД елдерінде әр білім беру сатысының проблемасымен шұғылданатын үлкен ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеп тұрды. Осындай жағдайда еліміздің білім беру жүйесін дамыту проблемаларымен шұғылдануға тура келді. Елдегі ауыр экономикалық жағдай зерттеу институттарын ашуға мүмкіндік бермеді. Барлық проблемаларды оқу орындарында жұмыс істеп жүрген тәжірибелі кадрлардың көмегіне сүйене отырып шешетін болдық- деп еске алады академик».

Бұл жағдай жас мемлекет үшін білім саласында үлкен реформалар қажеттігін көрсетті. Асқарбек Қобышевтың осы оқулықтардың орнын толтыру, ұлттық білім жүйесінің ғылыми негізін қалыптастыру жолында ауқымды жұмыстар жүргізіп, отандық педагогика ғылымының жаңа бағыттарын дамытуға елеулі үлес қосты.

1996 жылы ол Қазақстандағы салыстырмалы педагогика саласы бойынша алғашқы докторлық диссертация қорғады. Осылайша, елімізде педагогика ғылымының жаңа бағыты – салыстырмалы педагогика қалыптасты.

Ғалым білім сапасын арттыру мәселесін жүзеге асыруға терең зерттеп, көптеген мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге қатысты. «Білім» мемлекеттік бағдарламасы мен «Білім туралы» заңды дайындауға да атсалысты. Сонымен қатар 2023 жылы академиктің «Орта білім беру сапасын көтерудің ғылыми-практикалық негіздері» атты көлемді монографиясы жарық көрді.

Ғалым халықаралық PISA зерттеулерін саралай отырып, білім сапасын арттырудың нақты жолдарын ұсынды. Әсіресе Қытайдың Шанхай тәжірибесін терең зерттеп, оның табысының себептерін ғылыми тұрғыда талдады.

Бұл еңбектер бүгінгі білім реформалары үшін маңызды ғылыми негіз болып отыр.

ҒЫЛЫМ МЕН ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ЖАН

Асқарбек Қобышевтың Құсайыновтың ғылымдағы жолы – төмен температуралы плазма саласындағы алғашқы өнертабыстардан бастап, халықаралық деңгейде танылған салыстырмалы педагогика мектебін қалыптастыруға дейінгі үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбектің тағылымды шешірісі. Оның ғылыми қызметі, терең білім, елге деген адалдық пен ұлттық мүддеге қызмет ету бір арнада тоғысқанда, тұтас бір саланың дамуына серпін бере алатынын айқын көрсетті.

Ғалымның сан жылдық зерттеулерінің түпкі мәні – білім сапасын арттыру мәселесі болды. Ол білім беру жүйесіне үстірт қарамай, терең ғылыми тұрғыда жүйелі түрде зерделеудің маңызын дәлелдеді.

Асқарбек Қобышевтың қазақ тіліндегі ғылым тілі ретінде дамуына да өлшеусіз үлес қосты. Әсіресе оның бастамасымен жарық көрген салалық сөздіктер сериясы ұлттық руханияттың маңызы қазынасына айналды. Ғалым қазақ тілінің ғылыми әлеуетін әлемдік деңгейде танытуға бар күш-жігерін жұмсады.

Ол негізін қалаған Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясы бүгінде еліміздегі ең ірі ғылыми қауымдастықтардың біріне айналып, 800-ге жуық ғалым мен тәжірибелі педагогтің бағын біріктіріп отыр. Бұл – академиктің ұлттық педагогика ғылымын дамыту жолындағы ерен еңбегінің нақты жемісі.

Асқарбек Қобышевтың «Егер атқарған ісім ұлттық тәрбиенің өркендеуіне, жастардың білімді, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына аз да болса ықпал етсе, өмірлік мұратымның орындалғаны деп есептеймін» деген сөздері оның бар ғұмырын ел болашағына, ұлттың зияткерлік дамуына арнаған азаматтық болмысын айқын танытады.

Шынында да, туған елінің рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан мұндай тұлғалардың ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа ардайым шамшырақ болып қала бермек.

Думан ОРЫНБЕКОВ,
Шәкәрім университетінің ректоры



ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

Ұстаз – ұлттың болашағын тәрбиелейтін, шәкірт жүрегіне білім нұрын себетін қасиетті мамандық иесі. Осындай абыройлы жолды өмірінің мәніне айналдырған жандардың бірі – Гүлсім Тұмабаева.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tahy»

Үржар ауданындағы І. Жансүгіров атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі - педагог-зерттеуші Гүлсім Сәлімқызы 1969 жылы көп балалы отбасында дүниеге келген. 1986 жылы Егінсу орта мектебін бітірген соң Қазақ қыздар педагогикалық институтына жаратылыстану факультетінің биология-география мамандығы бойынша оқуға түсіп, қызыл дипломмен тамамдады.

Ұстаз болу үлкен жауапкершілік әрі жүрек қалауы деп білетін кейіпкеріміз әр сабағында тек білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды, туған жерге деген құрмет, табиғатты аялау сезімін, шәкірт санасына сіңіріп келеді. Гүлсім Сәлімқызы өз пәнін әдебиетпен байланыстыра оқытып, ұлы тұлғалардың еңбектерін де пайдаланады.

- География сабағы - баланы туған жердің қадірін түсінуге тәрбиелейтін пән. Біз карта мен табиғатты ғана оқыпаймыз, біз елдің тарихын, ата-бабамыз аманаттап қалдырған жердің қасиетін түсіндіреміз. Бала туған өлкесін сүйсе, елін де сүйеді. Баланың туған жерге деген сүйіспеншілігі өзі тұрған өлкенің табиғатын таныдан басталады. Өз жерін, оның табиғатын сүйген бала елін қорғай алады. Оқушы Дарын Құсайынның «Үржар ғажайыбы» атанған Сиверс алма ағашына тәжірибе жасай жүріп, «Сиверс алма ағашын будандастыру жолдары» тақырыбында дайындаған ғылыми жобасы облыста жүлделі орын иеленді. Атақты ботаник Иоганн Сиверс досына жазған хатында Үржар өзенін бойлай өскен жабайы орман алқабына тап болғанын, алмалы өңірде өссе де осындай керемет өзін таңғалдырғанын, төрт жылдық саяхатта бірінші рет шаршағанын ұмытып, алмаларды құшырлана жегенін жазады. Осындай тарихи деректерді пайдалана отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін, мақтанышын, патриоттық сезімін оята отырып, шығармашылыққа баулимын, - дейді Гүлсім Тұмабаева.

Гүлсім Сәлімқызының шәкірттері «Шығыс Қазақстан топонимикасы» тақырыбында ғылыми жоба қорғап, «GREEN OASIS» жобасы бойынша өткен «Табиғатты Аяла» байқауында жеңімпаз атанғанын да айта кеткен артық болмас.

31 жылдық еңбек жолында кейіпкеріміз сынып жетекшілігін де қатар алып келеді. Гүлсім Сәлімқызы жетекшілік ететін 11 «А» сыныбы мектептен түлеп ұшақты отыр. Шәкірттерінің арасында «Алтын белгіге» үміткерлер, облыстық олимпиада жеңімпаздары бар. Әділ Темірғали мен Темірлан Қарнебек



математика пәнінен облыстық олимпиада жүлдегерлері болса, Айнур Сәкенова - үздік аттестатқа үміткер. Ал Нұржан Тоқтасынов аудан тарихында Жансүгіров мектебінен алғаш болып Айқанат мектебіне қабылданып отыр.

Гүлсім Сәлімқызы өткен жылы «Бір адам — бір ағаш» акциясын ұйымдастырып, өзі жетекшілік ететін 11-сынып оқушыларына арнап 200 түп емен ағашын отырғызыпты. Бұл бастама республикалық чөлденжаз ұласқан.

Педагогтің жетістіктері де аз емес. Аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, тәжірибе алмасып келеді. Соның ішінде «Үздік биолог» байқауындағы облыстық жүлденің орны ерекше.

- Өзіме ең қымбат марапат - ең алғаш алған «Үздік биолог» конкурсының облыстық кезеңінде жүлдегер атанғаным. Үш күндік байқау кезінде тәжірибе алмасып, қала мектебінде таныс емес оқушыларға сабақ берген сәтім өлі есімде. Сол кезде білікті ұстаз кез келген сыныпта өз шеберлігін көрсете алатынын түсіндім, - деп еске алады.

2022 жылы Түркістан қаласында өткен «Географиялық білім берудегі озық ой және заманауи көзқарас» атты республикалық съезге делегат ретінде қатысуы да ұстаз үшін үлкен тәжірибе мектебі болған.

- Түркістандағы съезд маған үлкен серпіліс сыйлады. Елдің түкпір-түкпірінен келген ұстаздардың география пәніне деген жанашырлық көріп, өз мамандығымен деген құрмет одан сайын арта түсті, - дейді педагог.

Әріптестері Гүлсім Сәлімқызын үнемі ізденісте жүретін, шәкірт жанын түсіне білетін білікті педагог ретінде бағалайды.

Ел ертеңінің іргесін қалап, шәкірт санасына білім мен тәрбие дәнін егетін мұғалімдердің қоғамдағы орны ерекше. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Бақытгүл Демеубаева да саналы шәкірт тәрбиелеп, сапалы білім беру жолында еңбек етіп жүрген білікті ұстаз.

ҰСТАЗ ЖОЛЫ

Гүлсім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tahy»

Бақытгүл Қазбекқызы Ақсуат ауданындағы Көкжыра ауылының Амангелді совхозында қарапайым отбасында дүниеге келген. Отбасындағы сегіз баланың кенжесі болған ол еңбекқорлық пен ұқыптылық, адамгершілік сынды қасиеттерді бойына сіңіріп өсті. Әкесі ұзақ жылдар жылқы бағып, елге сыйлы еңбек адамы атанған жан еді. Социалистік Еңбек Ері атанған әке ұрпағының білімді болғанын қалап, барлық баласының оқып, азамат болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлген. Кейіпкеріміздің айтуынша, әкесі оны ұстаз болса деп армандаған екен. Бақытгүл Қазбекқызы 1984 жылы Көкжыра ауылындағы Мухтар Әуезов атындағы орта мектепті тамамдаған соң әке арманын арқалап, қалаға аттанады. Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. 1989 жылы оқу орнын аяқтаған жас маман туған жеріне

оралып, ауыл мектебінде бастауыш сынып мұғалімі ретінде еңбек жолын бастайды. Кейін тұрмыс құрып, 1992 жылы Көкпекті ауданындағы үлкен білім ордасы Ж.Шайкүнісов атындағы мектепке ауысады. Бүгінде оның ұстаздық еңбек өтілі 38 жылға жуықтаған.

«Ұстаз үшін ең үлкен марапат - шәкірт жетістігі» деп санайтын Бақытгүл Қазбекқызы талай дарынды шәкірт тәрбиелеп, үлкен өмірге қанат қақтырды. Оның оқушылары республикалық, облыстық, аудандық байқауларда, ғылыми жобаларда топ жарып жүр. Шәкірттерінің білім додаларында жеңімпаз атануы ұстаз еңбегінің жемісі екендігі айтпаса да белгілі.

- Ұстаздық - қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық. Мен өз мамандығымды шексіз сүйемін. Осы уақытқа дейін қаншама шәкірт тәрбиелеп, үлкен өмірге жолдама бердім. Бүгінде шәкірттерім түрлі салада еңбек етіп жүр. Олардың әрбір жетістігі - мен үшін үлкен мақтаныш. Алғаш қолына қалам ұстатып,



білім нәрімен сусындатқан шәкірттеріміз бүгінде өмірден өз жолдарын тауып, ел игілігі үшін еңбек етіп жатқандарын көру бір бақыт, - дейді ұлағатты ұстаз.

Шынында да, ұстаз болу тек білім берумен шектелмейді. Ұстаз шәкірт жүрегіне жол тауып, әр баланың бойына адамгершілік қасиет дарытады. Бақытгүл Қазбекқызының пайымынша, мұғалім әр оқушыға анасындай мейірім тегіп, әкесіндей ақылшы бола білуі тиіс. Өйткені балаға пән үйрету аз, оған өмір жолын көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар беру де маңызды.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Қай кезеңде де ұстаздың қоғамдағы орны ерекше. Өйткені елдің ертеңін тәрбиелейтін, жас ұрпақтың бойына білім мен ұлттық құндылықтарды сіңіретін - мұғалім. Осындай ұлағатты ұстаздардың бірі - Ақсуат ауданындағы К.Нұрбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Юлия Тұрғанбаева.

Юлия Аманқызы - саналы ғұмыры білім саласына арнап келе жатқан тәжірибелі педагог. Саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында 20 жылдан астам уақыт еңбек етіп жүрген кейіпкеріміз өз пәнін терең меңгерген, шығармашыл, педагог-зерттеуші санатындағы ұстаз. Жоғары білімді маман Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы университетті тамамдап, еңбек жолын ауыл мектебінде бастады.

Бүгінгі заман ұстазына қойылатын талап та жоғары. Қазіргі мұғалім тек пәнін жетік білетін маман ғана емес, заман талабына сай жаңашыл, ізденімпаз, шығармашыл тұлға болуы қажет. Ақпараттық технологияларды меңгеріп, білім берудің жаңа әдістерін тиімді қолдана білу - уақыт талабы. Осындай талаптарға сай еңбек етіп жүрген кейіпкеріміз шәкірттерін түрлі білім додаларына дайындап, мектеп мерейін асырып келеді.

Ұстаз еңбегінің нәтижесі - шәкірт жетістігі. Юлия Аманқызының оқушылары аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі білім сайыстары мен өнер байқауларында жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өтетін олимпиадаларда, көркемөз оқу, эссе жазу, шешендік өнер бағыттарында оның шәкірттері талай мәрте жеңіс тұғырынан көрінді.

Ардақ Рахила есімді оқушысы облыстық пән олимпиадасында I орын иеленіп, республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» бай-

қауында жүлделі II орынды жеңіп алды. Ал Ұлпан Айдынкызы халықаралық «Мұқағали оқулары» өнер байқауында және республикалық Қ.Бітібаева атындағы олимпиадада жеңіске жетіп, I орынды иеленді. Сонымен қатар С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің білім грантын жеңіп алды. Мәлік Айна есімді тағы бір шәкірті республикалық әдеби байқауларда бірнеше мәрте жүлдегер атанып, ұстаз сенімін ақтады.

Ұстазының жолын қуып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдаған шәкірттері де аз емес. Олардың алды ұстаздық қызмет етіп жүр.

Бұл жетістіктер - ұстаздың жүйелі еңбегі мен шәкіртке деген шынайы жанашырлығының айқын дәлелі. Юлия Аманқызы сабақ барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, әдебиетке қызығушылығын арттыруға, ұлттық рух пен ана тіліне деген құрметті қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Ол білім берудің заманауи әдістерін тиімді пайдаланып, оқушыларды еркін ойлауға, өз пікірін дәлелдей білуге баулиды.

Ұстаздың еңбегі тек оқушы жетістігімен ғана емес, кәсіби белсенділігімен де бағалы. Юлия Аманқызы түрлі деңгейдегі педагогикалық байқаулар мен жобаларға қатысып, білім саласының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Осы еңбегі үшін облыстық білім басқармасының, «Дарын» орталығының, «Өрлеу» БАҰО-ның алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарына ие болды.

Ұстаз болу - үлкен жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті абыроймен атқарып жүрген Юлия Аманқызы секілді педагогтер - елдің рухани тірегі. Оның шәкірттері жеткен әрбір жетістік - ұстаз еңбегінің жемісі, білім мен тәрбиенің жеңісі.

Осындай білікті де білімді, шығармашыл ұстаздардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Хамза СӘТІЕВ

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың сөзі бүгінгі кейіпкеріміз Саят Бірқанұлына арналғандай. Педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер - Бородулиха ауданындағы Николай Островский атындағы орта мектептің мұғалімі, еліміздің білім саласының дамуына үлес қосып жүрген білікті маман - ауданның ғана емес, облыстың мақтанышы. Оның ұстаздық жолы - толассыз ізденіс пен шәкіртке деген шексіз махаббаттың жарқын көрінісі.

Саят Бірқанұлының еңбек жолының туған ауылы Бородулихананың алтын ұя мектебінен басталуы - туған жерге деген перзенттік құрметтің айқын белгісі. 2010 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын үздік бітірген жас маман өзі білім алған қара шаңыраққа география пәнінің мұғалімі болып оралды. Жас маман алғашқы жылдарда-ақ заманауи білім беру технологияларын мектеп тәжірибесіне енгізуге атсалысып, жауапкершілігі жоғары ұстаз ретінде танылды.

Магистратураны да үздік аяқтап, ғылыми дәреже алған Саят Бірқанұлы ізденісін ешқашан тоқтатқан емес. Қысқа уақыт ішінде біліктілігін арттырып, ең жоғары - педагог-шебер санатына қол жеткізді. Ұстаздың 16 жылдық еңбек тәжірибесінің 15 жылы басқарушылық қызметпен сабақтасып келеді.

Саят Бодомбаевтың жетістіктер қоржыны өте бай. Ол - «Үздік педагог - 2019» республикалық конкурсының жеңімпазы, «Ең үздік авторлық бағдарлама» байқауының лауреаты. Оның есімі халықаралық деңгейде де танымал: ТМД елдері арасында өткен «ТМД-ның үздік мұғалімі» байқауында жүлделі II орынды иеленіп, еліміздің беделін асқаттаты. Сондай-ақ облыстық деңгейдегі пән олимпиадалары мен «Педагогикалық идеялар панорамасы» сияқты байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы.

Ұстаздың еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Үздік педагог» тесбелісімен, Ыбырай Алтынсарин және «Еңбек озаты» медальдарымен марапатталған.

Заман талабына сай өзгерістерден қалыс қалмайтын ұстаз 2025 жылы республикалық «1000 көшбасшы» жобасының финалисті атанды. Бұл жоба аясында білікті басшы мектеп басқару ісіне заманауи менеджмент элементтерін енгізуде. Оның мемлекеттік маңызы бар істердегі беделі де жоғары. Саят Бірқанұлы оқулықтарды сараптау комиссиясының мүшесі және Ұлттық тестілеу орталығының тұрақты серіктесі ретінде білім саласының дамуына тікелей үлес қосуда.

Ұстаздың мақтанышы - оның соңынан

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...



ерген шәкірттері. Дарынды балалармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлетін Саят Бірқанұлының оқушылары жыл сайын олимпиада шырдақын бағындыруда. Өмір Шауқенов республикалық олимпиада жүлдегері, «Ауыл мектебінің үздік оқушысы» атанса (2023 жылы), Иван Чеботарев пен Николай Эммерт - республикалық сайыстардың жеңімпаздары, Варвара Семина, Ульяна Платонова, Асанәлі Мамырбеков, Дильназ Бажаева - облыстық деңгейдегі білім додаларының жеңімпаздары. Саят Бірқанұлының Александра Славягина, Павел Безземельный, Всеволод Мыслейко сынды шәкірттері облыстық, республикалық ғылыми жобалар сайысында топ жарып жүр.

Білікті ұстаз жыл сайын жазғы лагерьде аға тәлімгер болып, жүздеген баланың демалысын ұйымдастырып, қауіпсіз-

дігіне жауап береді. Лагерьдегі қайнаған жұмыс ұстазға педагогикалық шеберлігін шыңдап, басқарушылық қабілетін тәжірибе жүзінде ұштауға таптырмас мүмкіндік береді. Осылайша, ол жыл он екі ай балалармен бір толқында болып, заман ағымынан қалмайтын жаңашыл маман екенін дәлелдеп келеді. Осындай қымқу жұмысқа қарамастан, кейіпкеріміз үш отбасы - оның басты тірегі. Жұбайы Меруертпен бірге Медина мен Инсара есімді балаларын өнегелі етіп тәрбиелеп отырған үлгілі әке.

Бүгінде Н.Островский атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып отырған Саят Бодомбаев - бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу жолында талмай еңбек етіп жүрген заманауи ұстаз.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

МЕКТЕП МАҚТАНЫШЫ

Ұстаз... Қастерлі де қасиетті ұғым. Адамзат қоғамын алға апаратын күш білімде десек, сол білімді жас ұрпақтың бойына сіңіретін - ұстаз. Сондықтан да ұстаздың орны қашанда ерекше. Ұстаздық мамандықты таңдап, 30 жылдан астам уақыт бойы ұлт болашағы үшін аянбай еңбек етіп жүрген ардақты жандардың бірі - Дәуренбек Избастин.

Ол Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің биология мамандығы бойынша тамамдаған. Кейіпкеріміз бүгінде Бесқарағай ауданындағы Қоянбай орта мектебінде биология пәнінен сабақ береді.

Дәуренбек Қалиасқарұлы - педагог-зерттеуші санатындағы біліктілігі жоғары, шығармашыл әрі жаңашыл ұстаз. Шәкірт тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын білікті маман түрлі байқауларда жеңіске жетіп, кәсіби шеберлігін танытып жүр. 2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасымен, ал 2022 жылы А б а й облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ 2022 жылы «Үздік педагог» республикалық байқауының аудандық кезеңінде II орынды иеленсе, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған мұғалімдер олимпиадасының аудандық кезеңінде де жүлделі II орынды жеңіп алды. Бұл жетістіктер - оның педагогикалық шеберлігі мен терең білімінің айқын дәлелі.

Оқушылардың оқуда үздік, тәрбиелі болып қалыптасуы ұстаздың еңбегіне байланысты. Дәуренбек Қалиасқарұлының шәкірттері де аудандық және облыстық деңгейдегі білім бәйгелерінде жүлделі орындарға ие болып жүр. Атап айтқанда, 2023-2024 оқу жылында шәкірті Дамира Избастина 8-11-сынып оқушыларына арналған

республикалық ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде I орын, ал облыстық кезеңінде III орын иеленді. Ал өткен оқу жылында тағы бір оқушысы - Айым Сағат II орынға қол жеткізді.

Зерттеу жұмыстарына баулу да Дәуренбек Қалиасқарұлының қолтаңбасы айқын. 2-7-сынып оқушыларына арналған республикалық «Зерде» жобалар байқауының аудандық кезеңінде 2023-2024 оқу жылында оқушысы Айым Сағат III орын иегері атанса, 2024-2025 оқу жылында Күннұр Умиржан II орынды жеңіп алды. Сондай-ақ республикалық жасөспірімдер олимпиадасының

аудандық кезеңінде шәкірттері Балнұр Бектұрсын мен Аружан Пшенбай I орынды жеңіп алып, мектеп мерейін асырды.

Дәуренбек Избастин - шәкірттерінің бойына білім нәрін сеуіп, олардың ғылымға деген қызығушылығын оятып жүрген білікті педагог. Ұстаздың шәкірттері биік белестерді бағындырып, өмірден өз орындарын табуда.

Ұстаз еңбегі - қашанда ұлы еңбек. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында шығармашылықпен еңбек етіп жүрген әріптесімізге алдағы уақытта да мол табыс тілейміз. Шәкірттеріңіз биіктерден көріне берсін.

Торғай МАЙБОЛАТҚЫЗЫ,
Қоянбай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі



АБАЙ

**«ШЫҒЫСТАУ
ӘУЕНДЕРІ»**

Абай ауданында «Шығыстау әуендері» атты өнер байқауы өтті.

Өңір мәдениетінің дамуына үлес қосқан өнер майталманы Әлімбай Қалиұлын еске алуға арналған оқушылар арасындағы сайыста қатысушылар жергілікті композиторлардың өндерін орындады.

Байқау қорытындысы өңші Фибрат Азубаевтың қатысуымен өткен кеште жарияланды. Жүлдегерлер дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Марапаттау рәсімінде аудан әкімінің орынбасары Дархан Амангелдин байқауды ұйымдастырушы Сәулет Қалиұлына аудан әкімінің алғыс хатын табыстады.

«КӨМЕН ОҚУЛАРЫ» ӨТТИ

Қарауыл ауылында Көмен Оразалин атындағы III аймақтық «Көмен оқулары» байқауы өтті. Шараны облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы, Абай ауданы әкімдігі және аудандық білім бөлімі бірлесіп ұйымдастырды.

Байқауға Абай облысының қала, аудандарынан, сондай-ақ Жамбыл облысы мен Шығыс Қазақстан облысынан 21 оқушы қатысып, жазушы шығармаларын мөнерлеп оқу, сұрақтарға жауап беру және ғылыми жоба қорғау сайыстарында бақ сынады.

Сайысқа қатысушылар Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, Көмен Оразалин музейіне экскурсия жасады. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды.

АҚСУАТ

**ФУТБОЛ АЛАҒЫНА
ЕСІМІ БЕРІЛДІ**

Ақсуат ауылындағы Бөрітастаған мөлтек ауданында қолданысқа берілген жаңа футбол алаңына Бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ұлттық құрама мүшесі Мейіржан Кешкіловтің есімі берілді.

Ақсуат ауылының тумасы, жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінің жеңімпазы, ерлер арасында республикалық біріншіліктің екі мәрте жүлдегері, әскери қызметшілер арасындағы әлем біріншілігінің жүлдегері Мейіржан Берікұлы 7-сыныпта оқып жүрген кезінде Астана қаласындағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы арнайы спорт мектеп-интернатына шақырту алып, осы оқу орнының бітіргеннен кейін Алматыдағы спорт колледжіне түскен. Колледжден кейін Қазақ Спорт және туризм академиясын бітірген.

Еңбек жолын Жамбыл облыстық спорт департаментінде бастап, кейін Алматы қаласында жауапты қызметтер атқарды. 2010 жылы жары Гүлнұр екеуі жол апатынан қайтыс болды, артында Әлижан есімді ұлы қалды.

ЗАМАНАУИ**КАБИНЕТ АШЫЛДЫ**

Ойшпін ауылындағы мектепте Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері Нұрқасым Көрменбаев атындағы заманауи бастауыш сынып кабинеті ашылды.

Ардагер ұрпақтарының демеушілігімен заман талабына сай жабдықталған кабинеттің ашылуында ауылдастары Нұрқасым Көрменбаевтың өнегелі өмір жолын еске алып, Көрменбаевтар әулетінің елге еңірген еңбегі ұмытылмайтынын жеткізді.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Тілек Мәселов қатысып, Көрменбаевтар әулетіне аудан әкімінің және аудандық білім бөлімінің алғыс хаттарын табыстады.

АЯГӨЗ

**ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ
НЕГІЗІ**

Аягөз гарнизонындағы 10810 және 10181 әскери бөлімдерінде Ашық есік күні өтті. Жастарды әскери өмірмен жақын таныстыру, алғашқы әскери-техникалық және дене шынықтыру даярлығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға Аягөз және Ақсуат аудандары мектептерінің оқушылары қатысты. Оқушылар сарбаздар тұратын қазармаларды аралап, әскери қызметшілердің тыныс-тіршілігімен танысты. Әскери техника мен қару-жарақ түрлерін тамашалады.

Мұндай шаралар өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыруға, әскери қызметке қызығушылықтарын оятуға зор ықпалын тигізеді.

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ**

Жетісу өңірінде өткен республикалық «Лияс Жансүгіров оқулары» байқауынан Абай облысының намысын қорғаған оқушылар олжаман оранды. Байқауға қатысқан 5 оқушының 4-еуі жүлделі орындарға ие болды.

Аталған сайыста Аягөз ауданынан барған екі бірдей оқушы жүлделі орындарды жеңіп алды. Аягөз ауданындағы мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебінің 10-сынып оқушысы Жаннұр Аманғазы байқаудың «Лияс – әлік ақын» аталымы бойынша II орынды иеленсе, С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Қайсар Қажыкереев «Лияс – кара сөз шебері» номинациясында III орынды еншілеп, аудан мерейін асқақатты.

БЕСҚАРАҒАЙ

**ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ
МӘРЕСІНЕ ЖЕТТИ**

Бесқарағай ауданында аудан әкімінің жүлдесіне арналған ерлер арасындағы волейбол турнирі мәресіне жетті.

Турнирдің мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Алты айға созылған жарысқа ауылдық округтердің үздік командалары қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша I орынды Өндіріс ауылының командасы иеленсе, II орын Кривинка ауылының, III орын Беген ауылының командасына бұйырды. Турнир нәтижесінде үздік ойыншылардан Бесқарағай ауданының құрама командасы жасақталды. Үздік ойыншылар облыстық халық ойындарында аудан намысын қорғайтын болады.

«ST»-ақпарат

АҚСУАТ**Ақсуат ауданындағы Көкжыра ауылында туған жерді көркейтуге үлес қосып жүрген азаматтардың игі бастамалары көпшілікке үлгі болуда. Белсенді азаматтардың, мектепті әр жылдары бітірген түлектердің ұйымдастыруымен ауылда «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында игі істер атқарылуда.****АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ – ИГІ ІС**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

Ауылды көркейтуге, көгалдандыруға және абаттандыруға бағытталған шараларға ауыл азаматтары, әр жылдардағы мектеп түлектері мен туған жеріне бейжай қарамайтын жандар белсенді қатысуда. Мұндай игі істер ауыл тұрғындарының бірлігін нығайтып қана қоймай, жас ұрпаққа туған жерді қадірлеудің үлгісін көрсетіп отыр.

Атап айтқанда, ауылдың қадірлі азаматы болған марқұм Озанбай Сүлейменовтің ұрпақтары өкелерінің рухына тағзым ретінде ауылға кіреберістегі «Тал қоршауын» өз қамқорлықтарына алды. Олар құдық қаздырып, су шығарып, түрлі ағаш көшеттерін отырғызды. Бұл – туған жерге деген құрметтің, ата-баба аманатына адалдықтың және ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Сонымен қатар ауылдағы тал бағын қамқорлықтарына алған М.Әуезов атындағы орта мектептің 2006 жылғы түлектері де көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Түлектер әр түрлі ағаш көшеттерін отырғызып, оларды күтіп-баптау жұмыстарын қолға алған. Туған жер алдындағы перзенттік парыздарына адалдық танытып жүрген азаматтардың бұл еңбегі көпшілік тарапынан жоғары бағалануда.

Айта кетсек, бұған дейін де 1994, 1981 және 1991 жылғы мектеп түлектері, сондай-ақ ғасыр жасаған бағбан Қонақбай атаның ұрпақтары да тал қоршауларын қамқорлықтарына алып, ағаш көшеттерін отырғызған болатын. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының туған жер тағдырына бей-

БЕСҚАРАҒАЙ**Ұлылар мекені – Абай облысы мәдениетінің қоржыны тағы бір айтулы жеңіспен толықты: Астана қаласында өткен республикалық байқауда Бесқарағай аудандық балалар өнер мектебінің хор ұжымы өңір намысын абыроймен қорғап, үздіктер қатарынан көрінді. Елордадан жүлдемен оралған өрендерді жерлері зор қошеметпен қарсы алды.**

Ақиық ақын Нұрлыбек Баймұратов ескерткішінің алдында өткен салтанатты іс-шараға аудан басшылығы, мәдениет саласы мамандары мен тұрғындар жиналды.

Жеңімпаздарды қарсы алу рәсімінде сөз алған аудандық мәслихат төрағасы Мейрамгүл Әбілғазина мен аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Ерболат Еренұлы жас өнерпаздар мен олардың жетекшілеріне ыстық лебіздерін білдірді. Зиялы қауым өкілдері бұл жеңістің тек балалар өнер мектебінің ғана емес, бүкіл Бесқарағай өңірінің мәдениеті мен руханиятының деңгейін көрсететін үлкен жетістік екенін атап өтті.

Жас музыканттардың республикалық байқауына еліміздің 17 облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан ең таңдаулы деген, сан мыңдаған үміткерлер арасынан іріктелген үздік өнер ұжымдары қатысты. Осындай үлкен додада бесқарағайлық таланттар кәсіби деңгейде өнер көрсетті. Дарынды өрендеріміз II дәрежелі дипломды иеленіп, аудандық балалар өнер мектебінің кәсіби деңгейін айқын көрсетті.

Бұл жеңістің артында балалар өнер мектебі ұстаздарының қажырлы еңбегі мен үздіксіз шығармашылық ізденісі жатыр. Хор ұжымының жетекшісі Жанна Саларбекова, концерт-мейстері Гүлнар Досембаева, сондай-ақ жас дарындардың сахнада сенімді өнер көрсетуіне кәсіби деңгейде қолдау білдірген иллюстраторлар Айдар Оспанов пен Аманғайша Қалиева, Рүстем Аманбеков мен

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ**Абай облысының бірегей табиғи байлығын, орман қорын өрт қаупінен қорғау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіру мақсатында Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Манарбек Шапағатов пен «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының бас директоры Қазбек Аметов жұмыс сапарымен Бесқарағай ауданына барды.**

Жұмыс сапары барысында ведомство басшылары аудан аумағындағы Өндіріс және Бозтал ауылдарында бой көтеріп жатқан жаңа орман өрт сөндіру станцияларының құрылыс барысымен егжей-тегжейлі танысты. Құрылыс жұмыстарының сапасы мен бекітілген кестеге сай жүргізілуі жөнінде тексерілді.

Аталған нысандар жай ғана ғимарат емес, өңірдегі жасыл алқапты тілсіз жаудан қорғауда стратегиялық маңызы бар бірегей кешендер болмақ. Сапар барысында жауапты тұлғаларға құрылыс жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтау туралы нақты тапсырмалар жүктелді.

Жаңадан салынып жатқан заманауи орман өрт сөндіру станциялары ең соңғы үлгідегі талаптарға сай жабдықталады. Бұл нысандар табиғи өрт қаупі төнген сәтте оқиға орнына жедел әрекет етуге қабілетті мамандандырылған бөлімшелерді, қиын

ЖАҢАСЕМЕЙ**«МҰҚЫР ТРОФЕЙ»: ЖОЛ ТАЛҒАМАЙТЫН КӨЛІКТЕР ЖАРЫСТЫ****Жаңасемей ауданына қарасты Мұқыр ауылында республикалық «Мұқыр Трофей» жол талғамайтын көліктер жарысы өз мәресіне жетті. Еліміздің әр өңірінен келген автоспорт әуесқойларының басын қосқан ауқымды шара аудан өміріндегі маңызды спорттық оқиғалардың біріне айналды.**Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañy»

Жарыстың ашылу салтанатына Жаңасемей ауданының әкімі Нұржан Әбдікерімов қатысып, спортшылар мен қонақтарға жылы лебізін білдірді. Аудан басшысы өз сөзінде мұндай ірі шаралардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретінін атап өтті.

«Мұқыр Трофей» секілді республикалық деңгейдегі жарыстар ауданымыздың туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, жастар арасында техникалық спорт түрлеріне деген қызығушылықты оятады. Сонымен қатар мұндай шаралар өңірміздің табиғи ерекшеліктерін танытып, ауданымыздың беделін көтеруге зор үлес қосады», деді аудан әкімі.

Биылғы жарысқа заманауи талаптарға сай дайындалған жол талғамайтын көліктермен келген жеңілдік жүргізушілер қатысты. Спортшылар арнайы белгіленген күрделі бағыттар бойынша жүріп өтіп, өздерінің шеберліктері мен тех-



жай қарамайтынын аңғартады.

Ал М.Әуезов атындағы орта мектептің 1991 жылғы түлектері ауыл тұрғындары үшін аса маңызға ие іске мұрындық болды. Олар Үлкен Көкжыра мен Жаңа Көкжыра ауылдарының арасына жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын бастап, бүгінге дейін 300 метр жолды төсеп үлгерген. Бұл бастама ауыл халқы үшін аса маңызды әлеуметтік жобалардың біріне айналып отыр.

Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясы аясында ат-

қарылған жұмыстар ауыл тұрғындарының ұйымшылдығы мен туған жерге деген сүйіспеншілігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай бірлік пен жанашырлықтың арқасында Көкжыра ауылы күн санап көркейіп, тазарып, абаттанып келеді.

Ауылдың дамуына үлес қосып жүрген барлық азаматтардың еңбегі зор құрметке лайық. Елге деген жанашырлық пен туған жерге деген адалдық дәл осындай игі істер арқылы көрініс тауып, кейінгі ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

ЕЛОРДАДАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Жеңіс Қайролланын еңбегі зор.

Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды. Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды. Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды.

Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды. Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды.

Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды. Дүбірлі додада хор ұжымы үлкен жеңіске жеткеніне қуанып, елордадан жүлделі оралды.

өнді. Өнерпаздардың сахналық мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, киім үлгісі, көрерменмен байланысы және шығарманы ішкі эстетикасын терең сезінуі олардың үлкен дабындықтан өткенін көрсетті.

Алдағы уақытта өнер мектебі қазылар алқасының жоғары бағасына ие болған дауыс үлесімділігі мен орындаушылық шеберлікті одан әрі шыңдау үшін репертуарларын кеңейтуді көздеп отыр. Хордың орындауындағы 3-4 дауысты күрделі классикалық және заманауи туындылардың үлесін арттыру, қазақ композиторларының шығармаларын жаңаша өңдеуде орындаумен қатар, әлемдік хор өнерінің інжу-маржандарын репертуарға енгізуді, сондай-ақ музыкалық аспаптардың сүйемелдеуінсіз, таза дауыспен орындатын А саррелла бағытындағы туындыларды көбейтіп, ұжымның кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтеруді жоспарлап отыр.

Жас өнерпаздардың биік белесті бағындыруы – ауданның мәдениет пен өнер саласына, балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көр-

сетіліп жатқан жүйелі қолдаудың нақты нәтижесі. Республикалық деңгейдегі сайыстан жүлдемен оралу – үлкен жетістік. Бұл – өңір мәдениетінің заманауи бағытта дамып келе жатқанын көрсетеді.

Жас дарындар үшін бұл сапар тек өнер көрсетумен ғана шектелмей, рухани өрі танымдық тұрғыдан өте мазмұнды болды. Бас қалада болған күндері ұжым мүшелері Астананың көркі жерлерін аралады. Еліміздің бас символы – «Бәйтерек» монументінің түп биігіне шығып, қаланың әсем келбетін, сәулетті ғимараттарды тамашалады. Сондай-ақ Бас мешітке барып, зеулім ғимараттың бірегей архитектурасымен танысты. Еліміздің ең озық білім ордасы – Назарбаев Университетінің заманауи кампусын аралау өрендердің болашақ туралы армандарына қанат бітірді. Ал Қазақ ұлттық өнер университетінің киелі шаңырағы – «Шабыт» сарайына жасалған саяхат жас музыканттарға ерекше әсер сыйлады. Олар мұндағы шығармашылық атмосфераны терең сезініп, үлкен рухани азық алып қайтты.

Бас қаладан олжалы оралған өнерпаздардың бұл жеңісі бесқарағайлық басқа да жас дарындарға қанат бітіріп, жаңа шындырды бағындыруға үлкен серпін беретіні сөзсіз. Өнер көңінде жұлдыз жаныған хор ұжымына алдағы уақытта да сарқылмас шығармашылық табыстар мен бұдан да биік халықаралық сахналарды бағындыра беруіне шын жүректен тілектеспіз!

Бас қаладан олжалы оралған өнерпаздардың бұл жеңісі өзге де жас таланттарға жігер беріп, жаңа асылдарды бағындыруға зор ықпал ететіні анық. Өнер көңінде жұлдыз жаныған хор ұжымы алдағы уақытта да үлкен сахналарда өнер көрсетіп, жеңістерге жете береді деген сенімдеміз.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

ландшафтты жерлерде жұмыс істеуге арналған арнайы инженерлік және өрт сөндіру техникаларын орналастыруға арналған.

Осы заманауи инфрақұрылымның арқасында тілсіз жауды бастапқы кезеңде ауыздықтау және өрттің үлкен аумаққа таралып кетпеуін қадағалау мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Бұл маңызды жобаларды жүзеге асыру – Абай облысындағы орман өрті қауіпсіздігі жүйесін түбегейлі нығайтуға бағытталған, дер кезінде жасалған қадам. Облыстық ТЖД мен «Семей орманы» резерватының бірлескен бұл кешенді жұмысы аймақтың табиғи байлығын сақтап, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаңа белесті айқындап бермек. Туған өлке табиғатын қорғау жолындағы мұндай ауқымды жобалар алдағы уақытта да мемлекеттің тікелей бақылауында болмақ.

Өз тілшіміз



лікті тұрғындардың белсенділігін арттырып, өңір халқының рухани-мәдени өміріне серпін беруде. Тартысты өткен «Мұқыр Трофей» республикалық жарысы аудан тұрғындары мен қонақтарына ерекше әсер сыйлады. Көпшіліктің көңілінен шыққан бұл спорттық дода алдағы уақытта да жалғасын тауып, дестүрлі жарыстардың біріне айналатынына сенім мол.



АЯГӨЗ

«САМҰРЫҚ» – КӨШБАСШЫЛАР АЛАҒЫ

Аягөз ауданындағы №5 жалпы орта білім беретін мектепте жұмыс істейтін «Самұрық» мектеп парламенті оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытып, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуына ықпал етіп келеді. 2025–2026 оқу жылында парламент мүшелері түрлі мәдени-көпшілік, спорттық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып, мектеп өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Парламент құрамындағы оқушылар мектепшілік шаралармен ғана шектелмей, аудандық және облыстық деңгейдегі байқауларға да қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Оқушылардың «Адалдық – адамдық белгісі» атты облыстық байқауда жүлделі орын-дарға ие болуы адалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойларына жинаған тәрбиелі ұрпақ қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Ал «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері аудандық кезеңде үздік атанып, облыстық байқауда II орын иеленді. Бұл – оқушылардың



Сурет ЖИ көмегімен жасалды

қоғамдық жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы қалыптасқанын аңғартады. Мектеп парламентінің мүшелері республикалық педагогикалық олимпиадада да жетістікке жетті. Парламент тәлімгері, ұстаз Айнаш Сымбатқызы шәкірттерімен бірге аудандық кезеңде I орын алып, облыстық кезеңде II орынды еншіледі. Бұл – ұстаз бен оқушы арасындағы өзара сенім мен жүйелі еңбектің нәтижесі.

Білім ордасында ұйымдастырылатын іс-шаралар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың бойында патриоттық рух, әділдік, жауапкершілік секілді маңызды қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуде.

Мектеп ұстаздарының айтуынша, «Самұрық» парламенті алдағы уақытта да өз жұмысын жалғастырып, жаңа бастамалар мен игі жобаларды жүзеге асыра бермек. Себебі бүгінгі белсенді әрі талапты оқушы – ертең ел тізгінін ұстайтын саналы азамат.

БОРОДУЛИХА

БОРОДУЛИХА

«ПАРКТЕР ШЕРУІ»

Бородулиха ауданында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының бастамасымен дәстүрлі «Парктер шеруі – 2026» халықаралық экологиялық акциясы өтті.

Акцияға орманшылар, жергілікті атқарушы орган өкілдері, экомелсенділер, ауыл тұрғындары – барлығы 100-ге жуық адам қатысты. Іс-шара барысында арнайы белгіленген орындарға ағаш көшеттері отырғызылды.

Ұйымдастырушылар өңірдің жасыл қорын көбейту – аймақтың экологиялық ахуалын жақсартудың, қоршаған ортаны сауықтырудың және өскелең ұрпақты табиғатқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеудің бірден-бір жолы екенін атап өтті.

Бородулиха жерінде егілген әрбір көшет – болашақ жасыл аймақтың негізі.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ҚАРАУСЫЗ МАЛДАН ҚАУІП КӨП

Жаңасемей ауданының Достық ауылдық округі аумағында қараусыз жүрген малдарды анықтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізілуде.

Округ әкімі мен полиция инспекторы бірлесіп ұйымдастырған рейд барысында қараусыз жүрген малдар анықталып, арнайы орынға қамалды. Мал иелеріне әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұлдар салынды.

Қараусыз жүрген мал тұрғындар мен көлік қозғалысына қауіп төндірмей қана қоймай, егістік алқаптарына да зиян келтіруге мүмкін. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Жаңасемей ауданына қарасты Приречное ауылында «Тәуелсіз зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Отбасылық мәдени керуен» атты мәдени-танымдық іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұлттық мәдениетті насихаттау және отбасы институтын нығайту арқылы қоғамдағы бірлік пен өзара сыйластықты арттыру.

Мазмұнды кездесуге аудан тұрғындары, көп балалы отбасылар, аналар кеңесінің мүшелері, жастар және ауыл тұрғындары белсенді қатысты. Мәдени керуен аясында түрлі сала мамандары отбасы тәрбиесі, гендерлік теңдік, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері жөнінде мазмұнды әңгіме өткізіп, қатысушылармен пікір алмасты.

КӨКПЕКТІ

КӘСІПОРЫ

ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Абай облысы ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Гүлнұр Ыдырышева, облыс әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Аралым Әлімжанова және «Тәуелсіз зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы, республикалық бизнес тренерлер қауымдастығының мүшесі Жанар Қабидолла Көкпекті ауылында жақында ашылған ASAY food үлгілі өт өнімдері кәсіпорнының жұмысымен танысты.

ASAY food кәсіпорны ысталған өт өнімдерін, шұжық түрлерін және жартылай фабрикат өнімдерін шығарып, аудан тұрғындарын табиғи әрі сапалы өніммен қамтамасыз етіп отыр.

Кездесу барысында кәсіпорынның өндірістік бағыты, өнім сапасы және алдағы даму жоспарлары талқыланды.

ТАУ-КЕН САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев өңірдегі тау-кен кәсіпорндарының жұмысымен танысты. Атап айтқанда, «Eastern Gold ЖШС» мен «Алтын Samruk Qazaqstan» АҚ-ның Доре (алтын-күміс) қорытпасы шығаратын кәсіпорында болды.

Қазіргі таңда кәсіпорында 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 200 мың тонна кен өңдеу және 200 кг дейін тауарлық өнім өндіру. Компанияның негізгі мақсаты – алтын құрамды рудаларды өндіру мен өңдеу саласын дамыту, сондай-ақ ішкі нарықтағы алтын өнімдеріне деген сұранысты қамтамасыз ету.

Аудан басшысы сонымен қатар аудан аумағында жұмыс жүргізіп жатқан «Goldstone Minerals» кәсіпорнының өкілімен де кездесіп, алдағы жоспарларымен танысты.

ҰРЖАР

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕ

Ташкент қаласында бокстан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында Ұржар ауданындағы І.Жансүгіров атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Ажар Марат жоғары деңгейде өнер көрсетті. 33 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан Ажар қарсыластарымен тартысты жеке-жеке өткізіп, Азия чемпионатының қола жүлдесін иеленді.

Жас спортшы жаттықтырушысы – тәжірибелі бапкер Ержан Муратқанның үмітін ақтап, халықаралық додада лайықты өнер көрсетті.

“ҰРПАҚ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ”

Ұржар ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Абылайхан атындағы орта мектепте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын іске асыру мақсатында қолға алынған облыстық «Ұрпақ жүрегіне жол» жобасы аясында көшпелі тимбилдинг өтті. Жастар мен жеткіншектер тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді шешуге, олардың бойына ізгілік, отаншылдық және рухани-адамгершілік қасиеттерді сіңіруге бағытталған іс-шараға аудан мектептерінің оқушылары, ата-аналар мен ұстаздар - жалпы саны 500-ге жуық адам қатысты.

Тимбилдинг барысында арнайы шақырылған мамандар тәжірибелі сабақтар мен түрлі тренингтер ұйымдастыра отырып, құқық қорғау органдарының өкілдері жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлықты тақырыптарында әңгіме өткізді.

«ST»-ақпарат

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратовтың халықпен есептік кездесулері Подборный ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өрт қауіпсіздігі, жол мәселесі және тұрғындарды толқандырған өзге де маңызды тақырыптар кеңінен талқыланды.

Жиын алдында Талғат Батырұлы өзге ауылдық округтердегі өрт қауіпті кезеңге дайындығы барысын тексерді. Атап айтқанда, өрт сөндіруге қажетті құрал-жабдықтардың, су бүркікштер мен арнайы техникалардың дайындығына ерекше назар аударылды. Бұған дейін әр ауылдық округке кемінде 100 дана өртке қарсы құрал әзірлеу тапсырылған болатын. Бұл шара құрғақ шөп жанған жағдайда өрт сөндіру бөлімдері жеткенге дейін жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Жиын барысында округ әкімі абаттандыру, халықты жұмыспен қамту және ауыл шаруашылығын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

2025 жылы Камышенка ауылында 100 орындық жаңа ауылдық клуб салынған. Қазіргі таңда аталған мәдени нысанда тұрғындар жиындар өткізіп, түрлі кездесулер мен мерекелік шараларды ұйымдастырып келеді.

Округте 840 гектар жайылымдық жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Жайылымдық жерлердің қайтарылуы ауыл халқы үшін аса маңызды. Бұл ауылда мал шаруашылығын дамытуға қосымша мүмкіндік береді.

Жиын барысында тұрғындар орман шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың ауыр техникалары жолдардың сапасына кері әсерін тигізіп жатқанын айтып шағымданды. Осы орайда ауыл аумағында жұмыс істейтін кәсі-



порындар абаттандыру жұмыстарына да белсенді атсалысуы қажет деген ұсыныстар айтылды.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға кезекпен жауап берген Талғат Батырұлы айтылған ұсыныстар мен өтініштердің аяқсыз қалмайтынын айтты.

Кездесуде аудандық полиция бөлімінің басшысы тұрғындарға қоғамдық қауіпсіздік пен интернет-алаяқтықтың алдын алу жөнінде әңгіме өткізді. Бөлім басшысы тұрғындарды интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерден сақ болуға шақырып, қауіпсіздік шараларын түсіндірді.

Ш.ДОСКЕЕВА

АГРОСЕКТОРДЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Көкпекті ауданында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Әсіресе ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту мәселелері басты назарда.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ
«Semei tanu»

істеуге мүмкіндік туғызатынын атап өтті.

Сөз ретінде айта кетсек, аудан басшысы Үлкенбөкен және Қойгелді Ғухадиев ауылдық округтеріне арнайы барып, ауыз су станциялары мен су құбыры желілерінің жағдайымен танысты. Жұмыс сапары барысында округ басшыларымен нысандардың қазіргі жай-күйі, техникалық мүмкіндіктері және тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Аудан әкімі ауылдық округ өкімдеріне тұрғындар арасында түсіндіру шараларын күшейтіп, үйлерді су құбыры желілеріне қосу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.



– Ауыз су халықтың денсаулығына, өмір сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты бақылауда болады, – деді аудан әкімі.

ЖОЛ САПАСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Жол сапасы – тұрғындар қауіпсіздігінің кепілі. Әсіресе шалғай елді мекендерді байланыстыратын жолдардың жай-күйі халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Сондықтан жол инфрақұрылымындағы кез келген мәселе жергілікті биліктің жіті назарында болуы тиіс.

Жуырда Үлкенбөкен – Көкжайық – Үлгілімалшы бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының Ақой ауылы маңындағы бөлігінде жол жабыны опырылып, асфальт қабатының үгітілуіне байланысты әлеуметтік желілерде сыни мақала жарияланды. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселе жергілікті билік назарынан тыс қалған жоқ. Осы жағдайға орай, аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев жауапты орынбасары мен және бөлім басшысымен бірге аталған аумаққа арнайы барып, жолдың қазіргі жай-күйімен танысты. Жергілікті тұрғындарды алаңдатқан мәселені зерде-

леу барысында аудан әкімінің орынбасары Қайратбек Серіктасұлына тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті жобалық-металық құжаттаманы жедел әзірлеу міндеттелді. Сонымен қатар құжаттама дайын болғаннан кейін бюджеттік өтімді тиісті басқармаға шұғыл жолдау тапсырылды.

Көкжайық – Үлгілімалшы бағытындағы жол учаскесінің жалпы ұзындығы 26 шақырымды құрайды. Былтыр осы жолдың 11 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Ал биыл қалған 15 шақырым бөлігіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жоба бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Аудан басшылығы жол мәселесінің тұрғындар үшін аса маңызды екенін атап өтіп, бұл бағыттағы жұмыстардың тұрақты бақылауда болатынын жеткізді. Жол инфрақұрылымын жақсарту – ауыл тұрғындарының қауіпсіз әрі қолына қатынасын қамтамасыз етудегі негізгі міндеттердің бірі.

«ST» - ақпарат



ЖАРМА

АРДАГЕРЛЕР ЖЕҢІСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Жарма ауданында өңір спортының дамуына үлес қосқан ардагерлер аз емес. Кезінде облыс намысын абыроймен қорғаған сол аға ұрпақ өкілдері бүгінде зейнет жасына жетсе де спорттан қол үзген жоқ. Ардагерлеріміз сергектігін сақтап қана қоймай, өңірміздің намысын арқалап, халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, әлі де жеңімпаздар қатарынан көрініп жүр.



Биыл сәуір айында Түркістан қаласында дзюдо, самбо және қазақ күресінен ардагерлер арасында Қазақстан чемпионаты өткен болатын. Аталған додаға еліміздің 17 облысынан, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан келген спорт ардагерлері қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Чемпионатта Абай облысынан 19-ға жуық ардагер спортшы бақ сынады. Олардың қатарында Жарма ауданының Шар қаласынан барған 71 жастағы спортшы Ақылбек Тұрсынбеков, Марат Қарақанов және қалбатаулық спортшы Нұрлан Төленгітов болды.

Ақылбек Тұрсынбекұлы 81 келі салмақта М-9 жас санатында (70 жасқа асқан ардагерлер) белдесті. Алғашқы кездесуде Астана қаласының тәжірибелі спорт ардагері Орынбек Сейдалиевтен басым түсті. Айта кетерлігі, қарсыласы – 2025 жылы Парижде өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері әрі самбодан жеті мәрте әлем чемпионатының жүлдегері.

Екінші белдесуде жерлесіміз Бақвай Шугайповпен тартысты жеке-жеке өткізді. Көп күш-қайратты талап еткен бұл кездесуде де Ақылбек Тұрсынбекұлы жеңіске жетіп, чемпион атанды. Ал қарсыласы – ардагерлер арасында үш мәрте әлем чемпионатының жүлдегері болған тәжірибелі спортшы.

Марат Сағындықұлы да бұл жарыста ерекше шеберлігімен көзге түсті. Ол дзюдодан 60 келі, қазақ күресінен және самбодан 64 келі салмақ дәрежесінде Қазақстан чемпионы атанып, бір чемпионатта үш бірдей алтын медальды жеңіп алды. Бұл, әрине, тынымсыз жаттығу пен табандылықтың жемісі.

Марат Сағындықұлы сонымен қатар 2025 жылы мамыр айында Тайваньда өткен ардагерлер арасындағы кіші олимпиада ойынында дзюдодан күміс жүлдеге ие болды. Жерлесіміздің шеберлігі мен қайсарлығы Жапониядан келген мамандар мен спорт өкілдері тарапынан жоғары бағаланып, жапондық спортшылар Марат Қарақановты Токио қаласында өтетін алдағы олимпиадалық жарыстарға арнайы шақырды. Бұл ардагер спортшының кәсібилігінің мойындалғаны деп білеміз. Бұл, әрине, біз үшін мақтанш.

Ал сол жылдың қараша айында дзюдодан Франция астанасы Парижде өткен әлем чемпионатында Марат Қарақанов қола медальға ие болды. Төрт белдесу өткізген жерлесіміз өз шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қалбатаулық Нұрлан Буранхайұлы да жарыста сәтті өнер көрсетіп, 98 келі салмақта күміс жүлдегер атанды. Ол бұған дейін Өзбекстанның Бұхара қаласында самбодан өткен әлем чемпионатында өз салмағында топ жарып, әлем чемпионы атағын иеленген болатын.

Жалпы, бұл чемпионатқа еліміздің ғана емес, халықаралық деңгейде танылған спортшылар қатысты. Өлем және Азия чемпиондарымен өткен әрбір белдесу жоғары деңгейде өрі тартысты өтті. Ардагер спортшылардың бұл жетістігі – жастарға үлгі-өнеге.

Спорттан қол үзбей, салауатты өмір салтын серік еткен ардагерлеріміздің жеңісі өңір спортының мерейін асырып қана қоймай, еткен спортшыларға үлкен жігер беретіні сөзсіз.

Ә.ИЛЕСХАН,

Шар қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастырушысы, Жарма ауданы

